Мың жасаған шаһардың шамшырағы

# ALMATY AQSHAMY

12+

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №58–59 (6737) 30 маусым, сейсенбі, 2026 жыл | www.aqshamnews.kz



## ҚАЗАҚСТАН – ТАИЛАНД БИЗНЕС ФОРУМЫ

3–БЕТ



## «АУДАРМАЛАР ЖАНСЫЗ БОЛЫП БАРАДЫ»

7–БЕТ



## АЛМАТЫ – ЖАҢА БРЕНДТЕР ЗЕРТХАНАСЫ

16–БЕТ

БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:

@AQSHAMY_KZ

TikTok

@AQSHAM_NEWS

ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН



# ХАЛЫҚ КОНСТИТУЦИЯСЫ

## құқықтық қоғамның басты құндылығын айқындайды

***1** шілдеде еліміздің Жаңа Конституциясы заңды күшіне енеді. Бұл – 2022 жылы басталған конституциялық реформалардың заңды жалғасы әрі еліміздің саяси-құқықтық жүйесін одан әрі жаңғыртуға бағытталған маңызды қадам. Жаңа Ата Заңда мемлекеттік басқару тетіктері жетілдіріліп, адам құқықтарын қорғау, заң үстемдігін қамтамасыз ету және мемлекеттік институттардың жауапкершілігін күшейтуге басымдық берілген. Сонымен қатар, құжат қоғам мен мемлекеттің өзара жауапкершілігін жаңа деңгейге көтеріп, елдің ұзақ мерзімді дамуының құқықтық негізін қалыптастырады. Сондықтан Жаңа Конституцияның мәні оның құқықтық нормаларында ғана емес, мемлекет пен азамат арасындағы қоғамдық келісімді нығайтуға бағытталған мазмұнында жатыр.*

Конституция кез келген мемлекеттің құқықтық негізін айқындайтын, қоғам мен биліктің өзара қарым-қатынасын реттейтін басты құжат. Ол мемлекеттік басқару жүйесін белгілеп қана коймай, әрбір азаматтың құқығы мен бостандығына кепілдік береді, елдің ұзақ мерзімді даму бағытын айқындайды. Сондықтан Конституцияны тек заңгерлерге арналған құқықтық құжат ретінде емес, бүкіл қоғамның өмір сүру қағидаларын белгілейтін қоғамдық келісім деп қабылдау қажет.

Жаңа редакциядағы Конституцияның кіріспесінде-ақ мемлекет дамуының жаңа құндылықтары нақты көрсетілген. Онда Ұлы Даланың тарихи сабақтастығы, мемлекеттің унитарлық сипаты, «Әділетті Қазақстан» идеясы, «Заң мен тәртіп» қағидаты, адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау, қоғамдық келісім, ғылым, білім, инновация және табиғатты аялау мемлекеттің басты басымдықтары ретінде жарияланған. Бұл қағидалар Қазақстанның тек құқықтық мемлекет ретінде ғана емес, жауапты әрі орнықты қоғам ретінде дамуына бағыт береді.

Конституция адамның құқықтары мен бостандықтарын мемлекеттің ең жоғары құндылығы ретінде белгілейді. Әр азаматтың өмір сүруге, ар-намысы мен қадір-қасиетінің қорғалуына, әділ сотқа жүгінуге, сөз бостандығына, еңбек етуге, білім алуға, медициналық көмекке және әлеуметтік қамсыздандырылуға құқығы бекітілген. Сонымен қатар, цифрлық технологиялардың қарқынды дамуын ескере отырып, азаматтардың жеке деректерін қорғау мәселесінің де конституциялық деңгейде көрініс табуы – қазіргі заман талабына сай маңызды қадам.

(Жалғасы 2-бетте).

САРАП–TIME

# ХАЛЫҚ КОНСТИТУЦИЯСЫ

## құқықтық қоғамның басты құндылығын айқындайды

(Басы 1-бетте)

Дегенмен, Конституция құқықтарды жариялаумен ғана шектелмейді. Ол әрбір адамның қоғам мен мемлекет алдындағы жауапкершілігін де нақты айқындайды. Заңдарды сақтау, басқа адамдардың құқықтарын құрметтеу, мемлекеттік рәміздерді қадірлеу, табиғатты қорғау, тарихи-мәдени мұраны сақтау, салық төлеу және Отанды қорғау әр азаматтың конституциялық міндеттері ретінде белгіленген.

Бұл құқықтық мемлекеттің басты қағидаларының бірі. Егер азамат өз құқықтарының сақталуын талап етсе, өзі де заң талаптарын орындауға міндетті. Қоғамдағы тұрақтылық пен әділеттілік дәл осы құқық пен жауапкершіліктің теңгерімі арқылы қамтамасыз етіледі. Сондықтан Конституция мемлекетке ғана емес, азаматтарға да жоғары талап қояды.



**Жүйелі реформа**

Жаңа Конституцияны тәуелсіз құжат ретінде ғана емес, 2022 жылы басталған конституциялық реформаның қисынды жалғасы ретінде қарастырған жөн. Сол жылғы жалпыхалықтық референдум нәтижесінде Қазақстанның саяси жүйесін жаңғыртуға бағытталған маңызды өзгерістер қабылданып, суперпрезиденттік басқару моделінен тепе-теңдігі күшейтілген мемлекеттік басқару жүйесіне көшуге негіз қаланды. Конституциялық Соттың қайта құрылуы, адам құқықтарын қорғау тетіктерінің нығаюы, Президент өкілеттіктеріне бірқатар шектеулердің енгізілуі, Парламенттің рөлін күшейту сияқты бастамалар елдің конституциялық дамуының жаңа кезеңін айқындады.

Осы тұрғыдан алғанда, жаңа Конституция бұрынғы реформалардың бағытын өзгерту емес, оларды жүйелеп, жаңа саяси-құқықтық жағдайларға бейімдеу міндетін атқарады. Оның негізгі мақсаты – мемлекеттік институттардың тұрақтылығын қамтамасыз ете отырып, қоғам сұранысына жауап беретін тиімді басқару жүйесін қалыптастыру. Бұл Конституцияда көрініс тапқан «Әділетті Қазақстан» және «Заң мен Тәртіп» қағидаттарының мазмұнымен де сабақтасып жатыр.

**Жауапты мемлекет берік қоғам кепілі**

Жаңа Конституция мемлекеттік басқару жүйесін де жетілдіруге бағытталған. Онда халық мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы екені тағы да нақтыланып, биліктің заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарынан құралу қағидаты сақталған. Сонымен бірге, мемлекеттік органдардың халық алдындағы жауапкершілігін күшейтуге бағытталған жаңа тетіктер көзделген.

Конституцияда Президенттің ел бірлігінің, Конституцияның және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының кепілі екені белгіленсе, заң шығару қызметі Құрылтайға жүктелген. Бұл мемлекеттік институттардың өзара іс-қимылын нақтылап, олардың жауапкершілігін айқындай түседі. Сонымен қатар, Конституциялық Соттың, Жоғары аудиторлық палатаның және өзге де конституциялық институттардың мәртебесі бекітіліп, заң үстемдігін қамтамасыз етудің құқықтық негіздері күшейтілген.

Қазіргі әлемде мемлекеттің тұрақтылығы тек экономикалық көрсеткіштермен өлшенбейді. Ол ең алдымен заңның үстемдігіне, азаматтардың құқықтық мәдениетіне, қоғамдағы өзара сенім мен жауапкершілікке байланысты. Сондықтан Конституциядағы «Әділетті Қазақстан» мен «Заң мен Тәртіп» қағидаттары күнделікті өмірде нақты іске асқанда ғана өзінің шынайы мәніне ие болады.

Ата Заң – бір күннің немесе бір буынның ғана құжаты емес. Ол бүгінгі қоғамның ғана емес, келешек ұрпақтың да өмір сүру қағидаларын айқындайтын құқықтық негіз. Сол себепті, Конституцияны құрметтеу мемлекетке құрмет көрсету ғана емес, өз болашағымызға деген жауапкершіліктің көрінісі. Заң үстемдігі орныққан, азаматтары жауапты қоғам ғана тұрақты дамуға қол жеткізіп, тәуелсіздігін баянды ете алады.

**Пердехан ШӘМШИЕВ,**
**сарапшы.**

---

# Арнайы басылым

## алматылық белсенді жастарға табысталды

***Алматыда белсенді жастар мен креативті индустрия өкілдеріне Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясының арнайы басылымын табыстау салтанатты іс-шарасы өтті. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың жеке Үндеуі енгізілген арнайы жинақты Премьер-министрдің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева Мемлекет басшысының атынан табыстады.***



«Сізге жаңа Конституцияның арнайы басылымын жолдай отырып, Әділетті Қазақстанды құру жолындағы жемісті еңбегіңіз үшін шынайы ризашылығымды білдіремін», – делінген Мемлекет басшысының Үндеуінде.

Іс-шараға қатысушыларды құттықтаған Аида Балаева Мемлекет басшысы жастарға әрдайым ерекше қолдау көрсетіп, олардың әлеуетіне зор сенім артатынын атап өтті.

– Президент ұсынған Әділетті, Таза әрі Қуатты Қазақстан идеясының жүзеге асуы ең алдымен жастардың жауапкершілігімен тығыз байланысты. Сіздер – Жаңа Қазақстанды қалыптастыратын жасампаз буынсыздар. Еліміздің ертеңі Конституцияда айқындалған қағидаттардың өмірде қаншалықты жүзеге асатынына, ал бұл өз кезегінде сіздердің білімдеріңізге, еңбектеріңізге және азаматтық ұстанымдарыңызға байланысты, – деді вице-премьер.

Оның айтуынша, елде қолға алынған ауқымды реформалардың барлығы ең алдымен жастардың болашағына бағытталған. Сонымен қатар, мемлекет жас ұрпақты қолдау тетіктерін кезең-кезеңімен жетілдіріп келеді.

– Бүгінде жастардың қоғамдық және саяси өмірге белсенді араласуына кең мүмкіндік жасалып отыр. Партиялық тізім бойынша депутаттық мандаттарды бөлу кезінде әйелдерге, жастарға және ерекше қажеттілігі бар азаматтарға арналған 30 пайыздық квота енгізілді. Сондай-ақ, Президенттік жастар кадр резерві жаңа буын басқарушыларын қалыптастыратын маңызды әлеуметтік баспалдаққа айналды, – деді Аида Балаева.

Қазіргі таңда Қазақстанда жастарды қолдаудың кешенді жүйесі қалыптасқан. Соңғы жылдары білім мен ғылымға бөлінетін инвестиция көлемі бес есеге артып, білім беру саласының бюджеті үш есе көбейді.

Президенттің тапсырмасымен 2024 жылы студенттердің шәкіртақысы екі есеге ұлғайтылды. Ал соңғы бес жылда білім гранттарының саны бір жарым есеге артты.

Кездесу барысында мамандар даярлау жүйесі де түбегейлі жаңғыртылып жатқаны айтылды. Алдағы уақытта 800-ге жуық мамандық қысқартылып, олардың орнына еңбек нарығында сұранысқа ие жаңа бағыттар бойынша кадрлар даярлауға басымдық беріледі.

**Дастан ҚАСТАЙ.**
*Сурет: Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.*

---

# Жаңа бағдарлар талқыланды

***Халықаралық білім беру корпорациясының (KazGASA) базасында «Жаңа Конституция: қоғам, білім және ғылым дамуының жаңа кезеңі» тақырыбында кеңейтілген «дөңгелек үстел» өтті. Басқосу профессор-оқытушылар құрамын, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының ғалымдары мен сарапшыларын, сондай-ақ серіктес жоғары оқу орындарының өкілдерін біріктірді.***

Іс-шараның негізгі мақсаты – Конституцияға енгізілген жаңа нормаларды ғылыми тұрғыдан талқылап, оларды жоғары білім беру жүйесіне енгізудің практикалық тетіктерін айқындау.

Жиынды Халықаралық білім беру корпорациясының ректоры Бақтияр Сәбденәлиев ашып, құқықтық реформалардың жоғары білім саласы үшін маңыздылығына тоқталды. Оның айтуынша, жаңа конституциялық бағдарлар университеттердің бәсекеге қабілетті маман даярлаудағы рөлін күшейтеді.

– Академиялық қауымдастық үшін ғылымды, білімді және адами капиталды дамытуды басым бағыт ретінде айқындайтын жеке норманың енгізілуі – үлкен жетістік. Бұған дейін бұл мәселе нақты басымдық ретінде белгіленбеген еді. Ендігі міндет – осы мүмкіндікті білім беру үдерісінде тиімді пайдалану. Біз студенттердің soft skills дағдыларын дамытуға бағытталған co-curriculum жүйесін енгізіп, интегралды GPA форматы арқылы теориялық және практикалық біліммен қатар олардың жеке құзыреттерін де академиялық кредиттермен бағалауды жоспарлап отырмыз, – деді ректор.

«Дөңгелек үстелде» KazGASA Инженерия мектебінің техникалық және жаратылыстану ғылымдары кафедрасының қауымдастырылған профессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты Нұрипа Бекалай Конституциядағы жаңашылдықтарға жан-жақты талдау жасады. Оның айтуынша, бұрынғы Конституцияда білім мен ғылымның ел дамуының негізгі факторы екендігін нақты айқындайтын жеке бап болмаған. Ал жаңа редакцияда бұл бағыттар Қазақстанның бәсекеге қабілетті қоғамын қалыптастырудың басты негіздерінің бірі ретінде бекітілген.

Профессордың пікірінше, бұл өзгерістер жоғары оқу орындарына білім беру тәсілдерін жаңғырту міндетін жүктейді. Қазіргі заман оқытушысы тек білім беруші ғана емес, студентке бағыт-бағдар көрсететін ментор болуы тиіс.

«Дөңгелек үстел» қорытындысында қатысушылар жаңа конституциялық нормалардың ғылым мен жоғары білімнің сапасын арттыруға, адами капиталды дамытуға және елдің инновациялық әлеуетін нығайтуға тың серпін беретініне сенім білдірді.

**Дана САДЫРҚАН.**






# ҚАЗАҚСТАН – ТАИЛАНД БИЗНЕС ФОРУМЫ

## Алматы инвестицияның алтын қақпасына айналды

***Шаһарда өткен Thailand – Kazakhstan Business Forum екі ел арасындағы сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастықты дамытуға бағытталды. Оған қос тараптың мемлекеттік органдарының өкілдері, кәсіпкерлер, инвесторлар мен сарапшылар жиналды.***

Форумда цифрлық технологиялар, Smart City шешімдері, медицина және wellness индустриясы, азық-түлік өндірісі, жылжымайтын мүлік, консалтинг, логистика, туризм және өңдеу өнеркәсібіндегі ынтымақтастықтың жаңа бағыттары талқыланды. Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды форумның ашылуында мегаполистің экономикалық әлеуетіне тоқталды:

*– Алматы – Қазақстанның басты экономикалық орталығы. 2025 жылдың қорытындысы бойынша қала мен Таиланд арасындағы тауар айналымы 130 миллион АҚШ долларына жетті. Мегаполис халықаралық инвестицияларды тартуға және жоғары технологиялы өндірістерді дамытуға басымдық береді. Біз Таиландпен сауда-экономикалық байланыстарды кеңейтіп, бірлескен инвестициялық жобаларды көбейтуге, кәсіпкерлер арасындағы әріптестікті нығайтуға және өзара тиімді ынтымақтастықты жаңа деңгейге көтеруге мүдделіміз,* – деді қала әкімі.

Таиланд Премьер-министрінің орынбасары – Сыртқы істер министрі Сихасак Пхуангкеткео (Sihasak Phuangketkeow) форумның екі ел арасындағы экономикалық қарым-қатынастың жаңа кезеңін бастайтын маңызды алаң екенін айтты. Ол келесі жылы Қазақстан мен Таиланд дипломатиялық қатынастардың 30 жылдығын атап өтетінін, экономикалық әріптестік екіжақты қарым-қатынастың негізгі қозғаушы күшіне айналдыру жөнінде ортақ ұстаным қалыптасқанын жеткізді. Министрдің сөзінше, қонақжайлылық индустриясы, медициналық және сауықтыру туризмі, азық-түлік өнеркәсібі, энергетика, логистика және цифрлық технологиялар екі ел үшін басым бағыттардың қатарында.

ҚР Сыртқы істер министрінің орынбасары Арман Исетов Қазақстан мен Таиланд арасындағы ынтымақтастықтың жаңа мүмкіндіктерін жеткізді. Сонымен қатар, ол туризм саласының әлеуетіне ерекше тоқталды. Айтуынша, Қазақстаннан Таиландқа келетін туристер саны тұрақты өсіп келеді. Екі ел арасындағы тікелей әуе рейстерін көбейту, Қазақстанда халықаралық деңгейдегі қонақүй желілерін дамыту, wellness және SPA индустриясын енгізу, сондай-ақ туризм саласына мамандар даярлау бойынша бірлескен оқу орталықтарын ашу мәселелері қарастырылып жатыр.

*– Тәуелсіздік жылдарында елімізге 480 миллиард АҚШ долларынан астам тікелей шетелдік инвестиция тартылған. Тек өткен жылдың өзінде бұл көрсеткіш 20,5 миллиард доллар болды. Бүгінде Қазақстанда тай капиталының қатысуымен 50-ге жуық компания жұмыс істейді. Қазақстанның халықаралық резервтері 140 миллиард АҚШ долларына жеткен. Сондай-ақ, елімізде инвесторларға дайын инфрақұрылым ұсынатын 17 арнайы экономикалық аймақ жұмыс істейді,* – деді Арман Исетов.

Форум соңында тараптар сауда айналымын ұлғайту, жаңа инвестициялық жобаларды іске асыру, туризм, цифрлық технологиялар, логистика, энергетика және өңдеу өнеркәсібі салаларындағы әріптестікті кеңейту жөнінде уағдаласты. Сарапшылардың пікірінше, Алматыда өткен бизнес-форум Қазақстан мен Таиланд арасындағы ұзақмерзімді экономикалық серіктестіктің жаңа кезеңіне жол ашады.

**Дана САДЫРҚАН.**
*Сурет: С.СЕРІКБАЙҰЛЫ.*

# МӘСЛИХАТ МАҢЫЗДЫ ШЕШІМДЕР ҚАБЫЛДАДЫ



***Достық үйінде Алматы қаласы мәслихатының кезектен тыс сессиясы өтті. Жиын барысында депутаттар кәсіпкерлікті қолдау, қоршаған ортаны қорғау, қаланың сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту, сондай-ақ бірқатар ұйымдастырушылық мәселелерді қарады.***

Сессияның маңызды шешімдерінің бірі – «Almaty Business – 2030» кәсіпкерлікті дамытудың өңірлік бағдарламасына өзгерістер енгізу болды. Өзгерістер шағын және орта бизнес субъектілерінің қаржылық қолдау тетіктеріне қолжетімділігін кеңейтуге, қолданыстағы қаржыландыру механизмдерін жетілдіруге және бағдарламаның тиімділігін арттыруға бағытталған. Алматы қаласы Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасының басшысы Берікбол Мәндібаевтың айтуынша, енгізілген өзгерістер бағдарламаны іске асыру тәжірибесі мен қалалық бизнестің өзекті қажеттіліктерін ескере отырып әзірленген.

Атап айтқанда, өндірістік кәсіпорындардың бағдарламаға қатысу мүмкіндігі кеңейтіліп жатыр. Бұған дейін жеңілдетілген қаржыландыру негізінен шағын өнеркәсіптік парктердің резиденттеріне қолжетімді болса, енді қаладағы барлық өндірушілер үшін қолжетімді болады.

Сонымен қатар, мектепке дейінгі білім беру саласындағы жобаларды, туризм индустриясын дамытуға бағытталған бастамаларды, сондай-ақ атмосфераға таралатын зиянды шығарындыларды азайтуға арналған жабдықтарды сатып алуды қаржыландыру мүмкіндігі қарастырылған. Қолдау көрсетілетін бағыттар қатары да кеңейтілді. Енді көшет питомниктерін, визит-орталықтарды, санитарлық-гигиеналық нысандарды, жәрмеңкелер мен біреғей стационарлық емес сауда объектілерін салу және жаңғырту жобалары да қолдау табады. Әлеуметтік кәсіпкерлер үшін кепілсіз несиелендіру кезіндегі салалық шектеулер алынып тасталады.

Қабылданған өзгерістер шағын және орта бизнес субъектілерін мемлекеттік қолдау шараларымен қамтуды ұлғайтып, жеңілдетілген қаржыландырудың қолжетімділігін арттыруға және Алматыдағы кәсіпкерлік бастамаларды жүзеге асыруға қосымша жағдай жасауға мүмкіндік бермек.

### Қоршаған ортаны қорғау

Сессияның күн тәртібінде депутаттар Алматы қаласының 2026–2028 жылдарға арналған қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекітті. Құжат 9 негізгі бағыт бойынша 43 табиғатты қорғау іс-шарасын қамтиды. Олардың қатарында атмосфералық ауаны қорғау, су объектілерін сақтау, жағалау және су экожүйелерін қорғау, жануарлар мен өсімдіктер дүниесін сақтау, қалдықтарды басқару, радиациялық, биологиялық және химиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, экологиялық менеджмент пен үздік қолжетімді технологияларды енгізу, сондай-ақ ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу көзделген.

Жоспар қоғамдық тыңдаулардан өтіп, ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігімен келісілген. Құжат қаладағы экологиялық міндеттерге сәйкес жыл сайын жаңартылып отырады.

### Сумен жабдықтау жүйесін дамыту

Сессия барысында Алматы қаласының 2040 жылға дейінгі сумен жабдықтау және шаруашылық-тұрмыстық кәріз жүйесін дамыту жоспары да бекітілді. Мамандар болжамына сәйкес, 2040 жылға қарай Алматы халқының саны 3,6 миллион адамға жетуі мүмкін. Қазіргі таңда қаланың шамамен, 40 пайызы суды тұтыну күрт өскен кезде су тапшылығына тап болып отыр. Осыған байланысты жаңа құжат мегаполистің су қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін кешенді жаңғыртуды көздейді.

Жоспар аясында «Ақсай», «Қарғалы» және «Нұрлытау» сүзгілеу станцияларын іске қосу, Талғар су құбырларын реконструкциялау, 2450 шақырымнан астам су желілерін салу және жаңғырту, кәріз-тазарту құрылыстарының қуатын тәулігіне 640 мың текше метрден 960 мың текше метрге дейін ұлғайту, ұзындығы 35 шақырым болатын Батыс кәріз коллекторын салу және сумен жабдықтау жүйесін басқарудың цифрлық технологияларын енгізу қарастырылған.

Сонымен қатар, сессия барысында Алматы қаласы мәслихатының депутаты Жандос Надировтың депутаттық өкілеттігі өз өтініші бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылды.

**Досбол АТАЖАН.**
*Сурет: С.СЕРІКБАЙҰЛЫ.*

ӘРІПТЕСТЕР ӘЛЕМІ

# БАҚ қызметкерлері баспаналы болды

***Алматыда кәсіби мереке қарсаңында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың атынан бұқаралық ақпарат құралдарының бір топ қызметкеріне баспана берілді.***




Биыл БАҚ қызметкерлеріне 66 пәтер берілді. Оның ішінде Алматы қаласында 15 азамат жаңа баспана иесі атанды. Атап айтқанда, «Qazaqstan», «Хабар, «Еуразия», «КТК», «31 арна» телеарналарының, «Қазақ газеттері» ЖШС, «Жас Алаш», «Время», «Қазақ әдебиеті», «Түркістан» басылымдарының және «Шалқар» радиосының қызметкерлеріне, барлығы 15 пәтер берілді. Салтанатты іс-шараға Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі – Баспасөз хатшысы Айбек Смадияров, Алматы әкімінің орынбасары Абзал Нүкенов, «Dara» Президенттік бастамалар қоры президенті Әлия Адамбаева қатысты.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен бұқаралық ақпарат құралдарының қызметкерлеріне пәтер беру бастамасы биыл төртінші жыл қатарынан іске асып келе жатыр. Осы жылдың басты ерекшелігі – пәтерлер тек қана Астанада беріліп жатқан жоқ, алғашқы рет Алматыда және еліміздің әр өңірінде де пәтер беріліп жатыр. Мұның мақсаты – журналистиканы қолдау және дамыту, әріптестерімізге әлеуметтік қолдау көрсету. Биыл біз баспанаға шын мұқтаж жандарды іріктеп алдық. Пәтер алғандардың жартысы – техникалық және кіші әкімшілік персонал. Сондай-ақ, өңірлік басылымдарға ерекше көңіл бөлінді, – деді Айбек Смадияров.

Мерекеге орай пәтер кілтін алған журналистерің бірі – «Түркістан» халықаралық саяси апталығының Алматыдағы меншікті тілшісімін Ахмет Өмірзақ. Журналистикада 30 жылға жуық жұмыс істеп келе жатқан ардагер өз алғысын білдіріп, БАҚ өкілдеріне құттықтады.

– Әртүрлі газет-журналдарда істедім. Соңғы 12 жылда осы «Түркістан» халықаралық саяси апталығында қызмет істеп келемін. Мемлекетіміз біздерге пәтер беріп, жағдайымызды қарап, үлкен сыйлық жасап жатыр, сол үшін өте қуаныштымыз. Мен өз отбасымның атынан Мемлекет басшысына алғыс айтамын. Қазақ журналистикасы мемлекетіміздің ең бір рухани күші. Бүкіл мемлекетімізде болып жатқан жаңалықтардың бәрін халыққа жеткізуші. Жалпы, журналистер әр уақытта жақсылықтың жаршысы, қоғамда болып жатқан түрлі мәселелердің оң шешілуіне ықпал ететін тұлғалар. Сондықтан біздің журналистеріміздің бәріне үлкен табыс тілеймін. Кәсіби біліктілігі арқылы халыққа қызмет ете берсін дегім келеді, – деді ол.

**Досбол АТАЖАН.**
*Сурет: Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.*

«БІР АУЫЛ – БІР ӨНІМ»



# Қазақстанның үздік тауары

***Алматы қаласында 60-тан астам отандық өндірушінің қатысуымен өткен «Қазақстанның үздік тауары – 2026» өңірлік көрмебайқауы өз мәресіне жетіп, жеңімпаздар анықталды.***

Байқаудың ашылу салтанатына Алматы қаласы әкімінің орынбасары Олжас Смағұлов, Алматы қаласы Кәсіпкерлер палатасының директоры Шыңғысхан Маманов қатысып, отандық өндірісті қолдау, өнім сапасын арттыру және бәсекеге қабілетті кәсіпкерлікті дамыту мәселелерінің маңыздылығын атап өтті.

Көрме барысында қатысушылар азық-түлік өнімдерін, халық тұтынатын тауарларды, өндірістік мақсаттағы өнімдер мен Алматыда өндірілетін жергілікті бренд өнімдерді таныстырды. Осылайша көрме төрі отандық өнімнің үздік үлгілерін таныстыруға, кәсіпкерлер арасында тәжірибе алмасуға және қазақстандық брендтерді насихаттауға арналған маңызды алаңға айналды. Іс-шара аясында өткен «Бір ауыл – бір өнім» жобасына Алматы қаласының 40 жергілікті өндірушісі қатысты. Келушілер жергілікті шикізаттан дайындалған қолөнер бұйымдарымен, тағам өнімдерімен және қазақстандық кәсіпкерлер шығарған бірегей тауарлармен танысты.

«Бір ауыл – бір өнім» жобасы жергілікті ресурстар негізінде жоғары қосылған құны бар өнім өндіретін шағын және орта бизнес субъектілерін қолдауға, жергілікті өндірісті дамытуға және өңірлік брендтерді ілгерілетуге бағытталып отыр. Сонымен, сарапшы-комиссиясының қорытындысы бойынша «Бір ауыл – бір өнім» жобасының 20 жартылай финалисі анықталды. «Өндірістік мақсаттағы үздік тауарлар» номинациясы бойынша – «БСФ» ЖШС; «Bakarassov» концерні» ЖШС және «СК Рахат» ЖШС қатарлы өндіруші кәсіпорындар жеңімпаз атанды. Ал «Халыққа арналған үздік тауарлар» номинациясы бойынша «Қазақстандық құбыр жүйелері», «Жигалма» және «Hyundai Trans Kazakhstan» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері аталды. « Qulpynai Production», «Камертон» компаниясы» және «ЛОТТЕ Рахат» АҚ «Үздік азық-түлік тауары» номинациясын жеңіп алды.

Жеңімпаздарды Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасы «Атамекен» Басқарма төрағасының орынбасары Жеңіс Тайшытаев марапаттады. Сәтін салса, «Қазақстанның үздік тауары» байқауының жеңімпаздары республикалық байқауда Алматы қаласының абыройын қорғайтын болады.

**Рая ЕСКЕНДІР.**

ЖӘРМЕҢКЕ

# Тәжік диқандары өз өнімдерін ұсынды

***Алматыда Тәжікстан Республикасы, Хатлон облысы диқандары мен тауар өндірушілерінің қатысуымен жәрмеңке өтті. Сауда-саттыққа деп құрылған ақ шаңқан шатырлар Алатау ауданындағы «Нұркент» шағынауданында, Almaty Arena көпфункционалды кешенінің алдындағы алаңда орналасты.***

Бірнеше күнге жалғасқан жәрмеңкеге 40 фермер қатысып, Алматыға 500 тоннадан астам ауыл шаруашылығы өнімдері мен қолөнер бұйымдарын жеткізді. Қала тұрғындары мен қонақтарына уылжып піскен жеміс-жидек, көкөніс, табиғи кептірілген жемістер, шығыс тәттілері және басқа да өнімдер ұсынылды. Ұйымдастырушылардың бірі Дилшодчон Абдуллоевтің айтуына қарағанда, алматылықтар Тәжікстаннан жеткізілген өнімдерге ерекше ықылас танытып, белсенді түрде сатып алған.

«Бүгін көп өнім сатылды. Мәселен, тазартылған грек жаңғағы, киви, кептірілген жемістер, әсіресе, қызыл өрік пен қара өрік жақсы өтті. Бағасы да арзан ғой, сондықтан тауар тез сатылып кетті. Егер қымбат болса, көп өнім қалып қояр еді. Біз Тәжікстан Республикасының Хатлон облысынан келдік. Өз өнімдерімізді қараңыздар, бәрі таза, дәріленбеген. Дәрумендерге аса бай», – деді ұйымдастырушы Дилшодчон Абдуллоев.

Жәрмеңкеге келген тұрғындар да өнімнің сапасы мен бағасына көңілі толатынын жеткізіп, ризашылық білдіріп жатты. Солардың бірі – Сандуғаш Кеңесқалиқызы. Оның сөзінше, қала тұрғыны мұндай жәрмеңкелерден қалыс қалмауға тырысады, жыл сайын арнайылап келіп, сауда жасайды.

«Өнімдері қашаннан дәмді. Биылғысын қарасаңыз, жаңа, таза екен. Мен бұл жәрмеңкеге жыл сайын келіп, сауда жасаймын. Биыл да арнайы келіп, кептірілген, құрғақ жемістердің түртүрін алдым. Тосап, қақ қайнатамын. Айтқандай, қара өрік, інжір және басқа өнімдерден де аз-аздан алдым. Сапасы жақсы, хош иісі аңқып тұр. Мұндай жәрмеңкелерді жиі ұйымдастырып тұрса, халыққа да пайдалы болар еді. Өте ыңғайлы, өнімді тікелей өндірушілерден алуға болады», – деді қала тұрғыны.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, жәрмеңке Қазақстан мен Тәжікстан арасындағы сауда-экономикалық байланысты нығайтуға, ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін қолдауға және қала тұрғындарын сапалы өніммен қолжетімді бағамен қамтамасыз етуге бағытталған.

**Дастан ҚАСТАЙ.**



КӨРМЕ

# ҰЛЫ ДАЛА ЖӘДІГЕРЛЕРІ

## Шанхайдың тарихи музейіне қойылды

***Қытай Халық Республикасының Шанхай тарихи музейінде Алматы қаласы музейлер бірлестігінің «Бабалар мұрасы – дәстүр сабақтастығында» атты халықаралық көрменің ашылу салтанаты өтті. Шанхайлық көрерменге ұсынылған бұл көрме Алматы қаласы әкімдігі, Қазақстан Республикасының Шанхайдағы Бас консулдығы және Шанхай қаласы әкімдігінің қолдауымен жүзеге асырылған.***

Шанхай қаласының тарихи музей қорында қаланың 6000 жылдық тарихын қамтитын ежелгі дәуірден XX ғасырдың ортасына дейінгі 30 000-нан астам тарихи жәдігер сақталған. Жыл сайын әлемнің түкпір-түкпірінен жүз мыңдаған турист арнайы келіп, музейді тамашалайтын көрінеді. Осынау тарихи орталықта қазақ халқының бай мұрасы да келушілерге ұсынылып отыр. Экспозиция Қазақстанның ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрлерін, рухани құндылықтарын және төл мәдениетін таныстырып, бірегей музей жәдігерлері арқылы Ұлы даланың мұрасын кеңінен насихаттайды.



Былтыр маусымда Астана қаласында өткен «Қытай – Орталық Азия» екінші саммиті аясында Алматы мен Шанхай бауырлас қала мәртебесін алған еді. «Бабалар мұрасы – дәстүр сабақтастығында» атты халықаралық көрменің өтуіне осы мәдени байланыс жол ашты. Осылайша көрме екі мегаполис арасындағы серіктестік байланыстардың жүйелі дамуының нақты нәтижесіне айналмақшы.

Бұған қоса, биыл сәуір айында Шанхай мэрі Гун Чжэннің Алматыға жасаған ресми іссапары да ынтымақтастықтың негізі болды. Сол жолы Шанхай мэрі Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалдымен кездесіп, екі қала арасындағы стратегиялық әріптестікті дамыту және өзара ынтымақтастықты кеңейту мәселелерін кеңінен талқылаған еді. Екі ел келіссөзінің жалғасы ретінде Алматы қаласы музейлер бірлестігі мен Шанхай тарихи музейі өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Аталмыш көрме Қазақстан мен Қытай арасындағы мәдени диалогты нығайтудың және екі халық арасындағы рухани байланысты тереңдетудің тағы бір жарқын көрінісі.

Шанхай тарихи музейінің директоры Чжоу Цюньхуа Шанхай мен Алматы арасында бауырластық байланыстар орнағаннан кейін екі қала арасындағы мәдени ынтымақтастық жаңа деңгейге көтерілгенін айрықша атап өтті:

«Бүгінгі көрме – осы серіктестіктің нақты нәтижесі. Бұл жобаны жаңа бастаманың жарқын нышаны ретінде қабылдап, алдағы уақытта өзара ынтымақтастықты одан әрі тереңдете түсеміз деп сенемін. Аталған көрме Қытай жұртшылығына Қазақстанның бай мәдениетімен, тарихы және салт-дәстүрлерімен жақынырақ танысуға мүмкіндік береді», – деді.

Көрмеде Алматы қаласы музейлер бірлестігі 100-ге жуық бірегей жәдігер ұсынылды. Экспозиция қазақ халқының этнографиялық мұрасын, дәстүрлі тұрмыс-тіршілігі мен салт-дәстүрін танытатын құнды жәдігерлерді, Алматы қаласының тарихы мен дамуын бейнелейтін фотосуреттер мен архивтік материалдарды, сондай-ақ ұлттық музыкалық мәдениетті дәріптейтін дәстүрлі аспаптарды қамтиды.

Әсіресе, келушілердің ерекше қызығушылығы 1287 жылы Алматы қаласында соғылған күміс дирхемдер болды. Экспозицияның интерактиві бөлігінде арнайы QR-кодтар арқылы қазақтың ұлттық музыкалық аспаптарының дыбысталуын тыңдауға мүмкіндік жасалған. Бұл формат келушілерге қазақтың дәстүрлі музыка өнерін тереңірек танып-білуге жағдай жасап, көрменің танымдық мазмұнын толықтыра түсті.

Алматы қаласы әкімінің идеология жөніндегі кеңесшісі Базарбек Атығаев жобаның маңызына кеңінен тоқталды:

– Мұндай жобалар қаланың мәдени дипломатиясын дамытудың және Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасын халықаралық деңгейде кеңінен насихаттаудың маңызды тетігі. Еліміздің ірі мәдени орталығы саналатын Алматы музейлер арасындағы ынтымақтастықты дамытуға және гуманитарлық байланыстарды кеңейтуге ерекше мән береді. Шанхай тарихи музейінде ұйымдастырылған көрме қалаларымыз арасындағы серіктестіктің жоғары деңгейін көрсетіп, мәдени байланыстарды одан әрі дамытуға жаңа мүмкіндіктер ашты, – деді.

Алматы қаласы музейлер бірлестігінің директоры Ләззат Сағындықова екі ел арасындағы мәдени байланыстардың тарихи мәніне баса назар аударды:

– Қазақстан мен Қытай халықтарын ғасырлар бойы Ұлы Жібек жолының ортақ тарихи мұрасы байланыстырып келеді. Бүгінгі мәдени ынтымақтастық – осы көпғасырлық сабақтастықтың заңды жалғасы. Шанхай қаласында өтіп жатқан бұл көрме Қазақстан мен Қытай арасындағы мәдени диалогты жаңа деңгейге көтеріп, музейаралық ынтымақтастықты одан әрі дамытуға, сондай-ақ екі халық арасындағы достық пен өзара түсіністікті нығайтуға өз үлесін қосады деп сенеміз, – деді.

Көрменің ашылу салтанатына Қытай Халық Республикасы Мәдениет және туризм министрлігінің өкілдері, Шанхай муниципалитетінің Мәдениет және туризм басқармасының басшылығы, Шанхай қаласындағы музейлердің директорлары, қоғам және мәдениет қайраткерлері мен дипломатиялық корпус өкілдері, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, сондай-ақ қала тұрғындары мен қонақтары қатысты.

**Рая ЕСКЕНДІР.**

ТУРИЗМ

# ФЕСТИВАЛЬДЕР ШАҺАРЫ

***Оқиғалық туризм, яғни ірі халықаралық іс-шаралардың өтуі елге туристерді тартуға оң әсер етеді. Бұл туралы Алматы қаласының туризм басқармасының басшысы Ғалия Тоқсейітова да ақпарат құралдарына кеңінен жеткізген еді. Ол Mastercard деректеріне сүйене отырып, ірі фестивальдер мен көрмелер Алматыға деген туристік қызығушылық пен экономикалық пайданы айтарлықтай арттыратынын атап өтті.***



Мәселен, 2025 жылы «Қайрат» – «Реал Мадрид» матчы кезінде төлемдер іс-шараға дейінгі орташа көрсеткішпен салыстырғанда, 16%-ға артқан. Jennifer Lopez концерті кезінде бұл өсім 11%, ал Backstreet Boys концерті кезінде 3% болды. Ал биыл мамыр айында Орталық стадионда өткен Solana Fest фестиваліне 25 мыңнан астам көрермен жиналды. Олардың қатарында Қырғызстан, Ресей, Өзбекстан, Әзербайжан, Грузия және басқа да елдерден келген қонақтар бар. Бұл – Алматы әкімдігінің ресми мәліметі. Фестиваль арқылы қаладағы тіршіліктің өрбіп, әртүрлі салаларда табыс артқаны сөзсіз.

Бірақ мұндай іс-шаралар тек билет сатуды көздейтін құрал емес. OYU Live пен OYU Fest жобаларының негізін қалап әрі ұйымдастырып келе жатқан QARA Studios компаниясының бас директоры Наргиз Шүкенова бүгінде көпшілікті бір алаңда біріктіретін фестивальдердің өзіндік тақырыбы, мәні мен құндылығы бар екенін атап өтті. Мәселен, Өзбекстанның Stihia фестивалі 2017 жылдан бері Арал теңізі тартылған аумағында, тот басқан кемелердің ортасында өтіп келеді. Мұндағы локация жай ғана безендіру емес, экологиялық мәселелерге назар аудартатын маңызды символға айналған. Электронды музыка мен ғылымды ұштастырған фестиваль экологиялық апат аймағын әлемнің түкпір-түкпірінен мыңдаған адам келетін мәдени орталыққа және аймақтың тұрақты дамуын талқылайтын алаңға айналдырды. Бұл Орталық Азияның өзіне тән мәдени жобаларды қалыптастырып, халықаралық деңгейде таныта алатынын көрсетеді.

Оның айтуынша, фестивальдің үлкен мәдени институтқа айналғанын сатылған билеттер саны немесе желідегі қаралым емес, көрермендердің іс-шарадан кейін түйген ойы көрсетеді. Бірақ «керемет өтті» деген пікір оның көрсеткіші бола алмайды.



– Бірде OYU Fest аудиториясына сауалнама жүргізілген еді. Сонда адамдар бұл фестивальді «ұлттық бірегейлік, жергілікті құндылық және мақтаныш» ұғымдарымен байланыстырған. Міне, біз айтып отырған мәселе де осы. Бұл жай ғана көңіл көтеру емес, бұл – ортақ құндылықтарды көрсету. Фестиваль адамдар оған тек бағдарлама үшін емес, оның атмосферасы мен мән-мағынасы үшін қайта оралуға дайын болғанда ғана ұзақ өмір сүреді, – деді Наргиз Шүкенова.

Маман фестивальдің құндылығы өздігінен пайда болмайтынын атап өтті. Оның айтуынша, бұл үшін жүйелі жұмыс және ең бастысы – фестиваль бағдарламасы туралы ойланбас бұрын, ұйымдастырушылар бұл іс-шараның не үшін қажет екенін нақты түсінуі керек.

– Қазақстанның фестиваль мәдениеті – іс-шараның мәні оның басты артықшылығына айналатын кезеңге қадам басып келеді, – деді ол.

Іс-шара индустриясында жиі кездесетін қателіктердің бірі халықаралық тәжірибеде «Fyre Festival синдромы» деп аталады. Бұл жағдайда ұйымдастырушылар маркетингке көбірек көңіл бөліп, жарнама арқылы ерекше әсер уәде етуімен, іс жүзінде күтілген нәтиже бола бермейді. Мұндай мысалдарда жобаның мазмұны мен сапасынан бұрын жарнамаға басымдық беру үрдісі байқалады.

– Фестиваль дегеніміз жай ғана контент, не концерт емес. Бұл – продюсерлік жұмыс, логистика мен ұсақ-түйекке дейін мән берілетін ауқымды жүйе. Қарапайым фестиваль «кімді шақырамыз?» деген сұрақтан басталса, ғұмыры ұзақ, тұрақты жоба «біз нені көрсеткіміз келеді?» деген ойдан бастау алады, – деді Наргиз Шүкенова.

Іс-шара бағдарламасы мен онда өнер көрсететін жұлдыздары тізімін жасау да жауапты іс. QARA Studios компаниясының бас директоры іс-шараға қатысушылардың тізімі тек танымал есімдерден ғана тұрмай, өзара үйлесім табуы маңызды екенін атап өтті. Айтуынша, олар бір-бірін толықтырып, сол күннің ортақ үні мен көңіл күйін қалыптастыруы керек.

**Досбол АТАЖАН.**

ДОДА




# ТӨЗІМ мен ЖІГЕР

***«Медеу» бөгетінің баспалдағы тағы да ерік-жігер, төзімділік пен спорттық рухтың алаңына айналды. Алматы қаласының Спорт басқармасының мәліметінше, дәстүрлі жыл сайынғы жүгіру жарысына Алматы тұрғындары мен қала қонақтарынан шамамен 3 мың адам қатысты. Бұл жарыс бүгінде мегаполистегі ең танымал бұқаралық спорттық іс-шаралардың біріне болып саналады.***




Жарысқа балалар, жастар, ересектер, тәжірибелі спортшылар және өз күшін алғаш рет сынап көргісі келген қатысушылар келді. Олар 100, 200 және 500 метр қашықтықтарға жүгірсе, ең төзімділері аңызға айналған 842 сатыны бағындырды.

Бірі үшін бұл дода жүлделі орынға талас болса, енді бірі үшін өз-өзін жеңудің символы болды. Осындай жарыстар бұқаралық спорттың қолжетімділігін арттырып, жасына және дайындық деңгейіне қарамастан мыңдаған адамды ортақ мақсатқа біріктіреді.

Айта кетейік, «Медеу» бөгетінің баспалдағына жүгіру жарысы жыл сайын ауқымын кеңейтіп келеді. Салауатты өмір салтын ұстанатын тұрғындар саны артып, олар достарымен және отбасыларымен бірге қатысып, спорттық бәсекені үлкен қалалық мерекеге айналдыруда.

Бұқаралық спортты дамыту Алматының негізгі басымдықтарының бірі болып қала береді. Қалада әрбір тұрғынның спортпен айналысуына қолайлы жағдай жасау және осындай іс-шаралардың қалалық мәдениеттің ажырамас бөлігіне айналдыру бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасуда.

**Гүлжанат СЕМБАЕВА.**

ПРЕСС-ТУР

# ЖҮРЕК ЖАНАШЫРЛАРЫ

***Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметі бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне арнап еліміздегі жүрек-қан тамыры ауруына шалдыққан науқастарға жоғары технологиялық медициналық көмек көрсететін жетекші мамандандырылған мекеменің бірі – Алматы қалалық Кардиологиялық орталығына баспасөз турын ұйымдастырды.***





### Жылына 500-ден астам ашық ота

Орталық директоры Ермағамбет Қуатбаев онда журналистерге мекеменің тарихы, қазіргі мүмкіндігі мен даму жоспары туралы баяндап берді.

Орталық басшысының айтуынша, емхананың тарихы 1896 жылдан бастау алады. Сол жылы Верный қаласында 15 төсекке арналған Қызыл Крест ауруханасы ашылған. Кейіннен ол қалалық жедел медициналық жәрдем клиникалық ауруханасына айналып, 2007 жылғы 1 қаңтардан бастап дербес ұйым – Алматы қалалық Кардиологиялық орталығы болып қайта құрылған. Қазір орталық еліміздегі ең үлкен бейінді медициналық мекеменің бірі. Мұнда жыл сайын 40 мыңнан астам адам амбулаториялық тексеруден өтіп, шамамен 11 мың науқас стационарлық ем алады. 290 орынды орталықта қазір мемлекеттік тапсырыс пен ақылы бөлімдер де бар.

*«Біздің орталық жүрек-қан тамыры ауруы бар науқастарға медициналық көмектің толық спектрін көрсетеді. Бізге Алматының тұрғындары ғана емес, Қазақстанның өзге өңірі мен шетелден де науқастар жоспарлы тексеруден өтіп, ем алу үшін келіп тұрады»,* – дейді Ермағамбет Қуатбаев.

Орталықта жоғары технологиялық медицинаны дамытуға ерекше көңіл бөлінеді. Қазір мұнда жоғары технологиялық медициналық көмектің 18-ден астам түрі көрсетіледі. Жыл сайын мамандар шамамен, 6700 ангиография, 3 мыңға жуық коронарлық артерияларды стенттеу операциясын, 500-ден астам ашық жүрекке ота мен 1 мыңнан астам интервенциялық аритмологиялық ем-шараны жүзеге асырады.

Былтырдың өзінде клиникада 18-ден астам жаңа медициналық технология енгізілді. Олардың біразы бұрын Алматыда ғана емес, Қазақстанда да болмаған. Мұнда жүрекке трансплантация жасалып, жасанды сол жақ қарыншаны имплантациялайды, жүрекке гибридті операция жасалып, жүрек ырғағының бұзылуын емдеудің осы заманағы әдістері де бар.

Мекемеде 600-ден астам қызметкер еңбек етеді. Олардың қатарында медицина ғылымдарының бес докторы, жеті ғылым кандидаты, профессорлар, магистрлер мен мейіргер ісінің жоғары білікті мамандары бар. Орталық басшылығы кадрлардың кәсіби деңгейін арттыруға тұрақты түрде инвестиция салады. Дәрігерлер Италия, Испания, Қытай, АҚШ, Біріккен Араб Әмірліктері, Беларусь пен Ресейде білімін жетілдіріп, халықаралық конференциялар мен тағылымдамаларға қатысады. Сонымен қатар, өз әріптестерімен де тәжірибе бөлісіп отырады.

Биыл орталық үлкен жобаларды іске асырып жатыр. Мұнда Минималды инвазиялық кардиохирургия орталығы мен қолқа ауруын емдеуге арналған мамандандырылған орталық ашылды. Бұл ең күрделі жүрек-қан тамыры патологиясы бар науқасқа тәулік бойы көмек көрсетуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, биылғы тамыз айында клиника медициналық көмектің сапасы мен қауіпсіздігін бағалайтын әлемдегі ең беделді стандарттардың бірі саналатын JCI халықаралық аккредитациясынан өтуді жоспарлап отыр.

Биыл Алматы бірнеше ірі кәсіби медициналық іс-шараның алаңына айналады. Тамыз айында мұнда Қазақстан мен шетелдің жетекші мамандары қатысатын интервенциялық кардиологтардың халықаралық конференциясы өтеді. Қазан айында III Аритмология саммиті ұйымдастырылса, 2027 жылдың көктемінде Алматы қалалық Кардиологиялық орталығының 20 жылдығына орай IV Халықаралық кардиохирургтер конгресі өтпек.

Тарихы бай болғанына қарамастан, мекеме басшылығы инфрақұрылымды жаңғыртуға ерекше көңіл бөліп келеді. 1937 және 1973 жылдары салынған әрі Алматының мәдени мұрасы саналатын орталық ғимараттары кезең-кезеңімен жаңартылып жатыр. Орталық өз қаражатына бөлімшелерде күрделі және ағымдағы жөндеу жұмысын жүргізіп, пациенттер мен медицина қызметкерлеріне қолайлы жағдай жасала бастады. Сонымен қатар, алдағы уақытта осы заманғы магниттік-резонанстық томограф, жаңа ангиографиялық кешен мен диализ жабдықтарын сатып алу жоспарланған.

Баспасөз турында БАҚ өкілдері бейінді бөлімшелердің жұмысымен, заманауи медициналық жабдықтармен және жүрек-қан тамыры ауруын емдеуде қолданылатын жаңа технологиялармен танысты. Орталық директорының айтуынша, ұжымның басты мақсаты – жоғары технологиялық кардиологиялық көмекті одан әрі дамыту, әлемдік озық тәжірибелерді енгізу және Алматы мен Қазақстан тұрғындарының шетелге шықпай-ақ ең жоғары деңгейдегі ем алуына мүмкіндік жасау.

### МӘМС-тің мүмкіндігі

Алматыда міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі аясында көрсетілетін жоғары технологиялық кардиохирургиялық көмектің көлемі жыл сайын артып келеді. Сақтандырылған қала тұрғындары құны кейде ондаған миллион теңге болатын күрделі операцияны енді тегін жасата алады. Қалалық кардиологиялық орталықта өткен баспасөз турында Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Алматыдағы бөлімшесінің халықты ақпараттандыру бөлімінің басшысы Шынар Әлжанова осылай деді.

Оның айтуынша, кардиохирургия отандық медицинаның ең қымбат бағытының бірі саналады. Соған қарамастан, жүрекке жасалатын барлық операция МӘМС жүйесі есебінен толық қаржыландырылады.

*«МӘМС жүйесі енгізілгеннен кейін азаматтардың жоғары технологиялық медициналық көмек алу мүмкіндігі айтарлықтай кеңейді. Қазір жүрекке жасалатын қымбат операция сақтандыру жарнасының мөлшеріне қарамастан, сақтандырылған әр азаматқа қолжетімді»,* – дейді Шынар Әлжанова.

Статистика да мамандандырылған көмектің қолжетімділігі артқанын көрсетеді.

2019 жылы, яғни МӘМС жүйесі іске қосылғанға дейін Алматыда жалпы құны 7,6 млрд. теңге болатын 5304 кардиохирургиялық операция жасалса, былтыр оның саны екі есе өсіп, 11 146 операцияға жетті.

Қаржыландыру көлемі де төрт есеге артып, 28,3 млрд. теңгені құраған екен. Кардиохирургиялық операцияның құны күрделілігіне байланысты әртүрлі болады. Мәселен, стандартты операциялардың бағасы 300 мың теңгеден басталса, ең қымбатының бірі – қан айналымын қолдайтын қосымша құрылғыны имплантациялау құны шамамен, 79 миллион теңгеге жетеді.

Ең көп жасалатын операцияның қатарында жүректің ишемиялық ауруын, жүрек қақпақшаларының ақаулары мен жүрек ырғағының бұзылуын емдеуге арналған оталар бар. Олардың ішінде аортокоронарлық шунттау, жүрек қақпақшаларын протездеу мен пластика жасау, сондай-ақ кардиостимулятор орнату операциялары кеңінен жүргізіледі. Бұл жоғары технологиялық емдеу тәсілінің барлығы Алматыдағы көпбейінді стационарларда да, мамандандырылған кардиологиялық орталықтарда да сәтті жасалып жатыр.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының мәліметінше, егер пациент МӘМС жүйесіне қатыспаған жағдайда, мұндай емге миллиондаған теңге жұмсауға тура келер еді. Сақтандырылған азаматтарға бұл операция тегін. Бұл – медициналық сақтандыру жүйесінің әлеуметтік бағыттылығының негізгі қағидатының бірі.

Қазіргі уақытта Алматы тұрғындары Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорымен келісімшарт жасасқан кардиохирургиялық көмек көрсететін 14 медициналық ұйымның кез келгенін өздері таңдай алады. Оның ішінде 9-ы жекеменшік клиника. Бұл мамандандырылған медициналық көмекті қолжетімді ете түсіп, ем алу кезегін едәуір қысқартуға мүмкіндік береді.

### «Өмірге қайта келгендеймін»

Алматының 60 жастағы тұрғыны Ағабек Асылбеков кардиологиялық орталықта сәтті жасалған операциядан кейін қандай әсер алғанын айтты. Ол денсаулығы нашарлап, бірнеше жыл бойы қатты қиналыпты.Кардиологиялық орталыққа жүгінгеннен кейін дәрігерлер оны түгел тексеріп, емдеу тактикасын анықтап, операция жасауға кіріскен.

*«Осында келген күннен бастап маған жақсы қарап, жанашырлық танытты. Дәрігерлерге ризамын. Операция да сәтті өтті, оңалу кезеңі де жеңіл болды. Қазір жағдайым жақсарып, көңіл күйім көтеріліп қалды»,* – дейді пациент.

Бөлімшенің тазалығы мен жайлылығы, мамандардың кәсіби деңгейі мен дәрігерлердің қарым-қатынасы да көңілден шыққанын айтады пациент Ағабек Асылбеков.

Алматының қалалық Кардиологиялық орталығында қолданылатын осы заманғы диагностика мен емдеу әдісінің, сондай-ақ дәрігерлердің мол тәжірибесінің арқасында адамдардың сапалы медициналық көмекті дер кезінде алып, қайта қатарға қосылып жатқанының бір мысалы бұл.

**Нұржамал ӘЛІШ.**



***Еңбегі ерен, пайымы терең журналист, тілтанушы, әдебиеттанушы ғалым Серікқали Байменше ағамызбен кезекті әңгімеміз аударма ісінің теріскейі мен күнгейі жайында құрылды. Ұстаз әрі аудармашы әңгіме барысында Ахаң һәм Алаш өнегесін, сөз өнерінің сыры мен сынын төл әңгімегесіне арқау етті.***

**Серікқали БАЙМЕНШЕ:**

# «АУДАРМАЛАР ЖАНСЫЗ БОЛЫП БАРАДЫ»

**– Әлихан Бөкейхан аударма теориясы туралы бір мақаласында: «Орыстың кітабын қазаққа деп өзгерткенде, Крыловтың басына тымақ кигізген Ахметті ұмытпау керек...» дейді. Өзіңіз де біраз жыл журналистерді оқытып, тәржімаға баулыдыңыз. Қазіргі аударма саласында, аударма өнерінде қандай кілтипандар бар?**

– Аударма деген де нағыз шығармашылық. Солай болғандықтан да оның дамуға, динамикаға негізделетіні белгілі. Даму барысында әртүрлі жағдай, тоқырау, тоқтау болмай тұрмайды. Қазақ аудармасы осының бәрін бастан кешірді. Өткен ғасыр басындағы жаппай қазақшалаудан арылдық. ХХ ғасыр бойындағы аударма өте биікке көтерілді. Саяси, экономикалық, техникалық, көркем және басқа аударма айтарлықтай дамыды. Өткен жылы жарық көрген «Тілге тілмаш» деген кітабымызда аударма жайын біраз сөз еткенбіз. Жалпы, тәжірибедегі аударма барысында орысшаға байланып, қазақша ойлау жүйесіне үйлеспейтін тәржімалау бар екенін айтқан жөн. Бөтен сөздің бетін қалқыған калька жарықтық та қалыспай келеді.

Дегенмен, ХХІ ғасыр аударманы жаңартты. Көркем әдебиетке қатысты айтқанда, бұрын тек орыс тілінен аудару басым келсе, қазір кез келген тілдегі түпнұсқадан тікелей қазақшаға аудару қанат жайды. БАҚ-та да солай. Бірақ БАҚ-тың орысшадан аударылған ақпараттық хабарларында, сайттардың жаңалықтарында тілің түтылып, сөйлемің сүрініп жататын, қазақша қотара салған аудармалар кездесіп қалады. Бұл жайында жазып та жүрміз, кітабымызда да біраз мысал бар. Жалпы, баспасөзді оқырманға жақындата түсу осы тілді дұрыстаудан басталады. Жұрт газетті оқып, газеттен үйренеді. Әлеуметтік желідегі кім көрінген жазатын неше түрлі «хабаршалар» тілдің бағын ашады деп сенуге болмайды.

Аударманың арқауында бұрын жан бар сияқты еді, қазір құрғап, жаны кетіп қалған сияқты көрінеді... Нейрожелі кез келген мәтінді аударып береді. Аудармашы осы «жансызға» жан бітіремін деп күресуі керек. Веб-сервистер мен мобильді қосымшаларға ғана иек артып кеткен аударушы тоқырайды.

**– Сала терминдері әлі де екіұшты, ала-құла. Мысалы, дефицитті «тапшылық» дедік, оған қарама-қарсы тұрған профицитті «баршылық» деп аударсақ қалай деп ұсыныс айттыңыз. Ақылға сыйымсыз, ойға қонымсыз аудармасын сынадыңыз, сын-пікір ескеріліп жатыр ма?**

– Толық ескерілді деп айта алмаймыз. Жоғарыда айтқанымдай, осындай нәрселер көп жазылып, айтылып жатыр. Бірақ оның дұрысын – дұрыс, бұрысын – бұрыс деп баға беріп отыратын жүйелеуші мекеме жоқ. Мұндай жаңа қолданыстарды баспасөз арқылы ғана орнықтыра аламыз.

**– «Ана тілі» газетінде «жасанды интеллект» пен «жасанды интеллекті» жайлы да жаздыңыз ғой. Қайтарымды байланыс болды ма?**

– Иә, жаздым... Қазіргі «модный»» тақырып қой. Қазақ тілінің ережесі бойынша қалай жазуымыз керек деп «Ана тілі» газеті арқылы тілге жауапты мекемелерге сөз тастап ем, ешкім мойын бұра қойған жоқ. Әркім өз қалауынша жазып жатыр. «Интеллекті», «интеллектіге», «интеллектінің...», т.б. деп жазу басым тұр. Солай қалыптасатын шығар, бірақ ертең «тіл ережесі бойынша бұлай жазу дұрыс емес» деп ұйғарылса, бағынуымызға тура келеді. Дегенмен, осындай тіл ұшындағы мәселенің жедел шешілгені жалпы ана тілімізді дамытуға елеулі ықпал етекен болар еді.

**– Қазір біздің сөзжасамда «лық», «лік», «тық», «тік» жұрнақтары нағыз сөз тудырушы жұрнаққа айналды. Туризм агенттігін – «туристік агенттік», диплом жұмысын – «дипломдық жұмыс», ботаника бағын – «ботаникалық бақ» деп айтатынды шығардық. Тіпті, бұл процесс күш алып, тіл ғалымдарының ырқына көнбей кетті. Шешімі бар ма?**

– Бір кезде бұл жұрнақтар, әсіресе, қоғамда орыс тілінің ықпалы қатты сезілген кезеңде, шынында, сөзтудырушылық рөл атқарды. Төте аудару әдісі көп болды. Орысша қалай тұр, солай алуымыз керек деген қағида болды. Сөйтіп, «ский» сияқтылардың бәрін «лық», «лік», «тық», «тік» деп қазақшалау қанат жайды. Өзіміз де солай жаздық кезінде.

Жалпы, жұрнақсыз жазғаннан ештеңе кеміп қалмайды. Бұған енді мән беріп жатқан сияқтымыз. Өзің айтқандай, қоғамда бұлардың екі нұсқасы да қолданылып жүргені рас. Мағына, мазмұн жағынан екеуінің де кемдігі жоқ. Бірақ тілдің тазалығы, қолданылуы, үйретілуі тұрғысынан, жұрнақсыз жазылғаны тиімді. Бір ізге түсіріледі деп ойлаймыз. Бұдан басқа, өзге тілден енген сөздерге «лизинг+тік, демпинг+тік, рейтинг-тік...» деп жалғау жалғамай жазуды жаппай орнықтыруымыз керек. Бұл жайында баспасөзде, кітабымызда жазғанбыз. Тіл үйренуді осы қиындатып жүр, қазақша білетін адамның өзіне айту қиын. Соңғы кезде бекітіліп, ортаға түсе бастаған «мониторинң», «рейтинң» нұсқасы «ң» әрпінің рөлін арттырды әрі осындай терминдердің айтылуы мен жазылуын жеңілдету мақсатын көздеді.

**– «Тіл үйренудің һәм үйретудің үлкен бір жолы – «заттаңба» деп қазақшаланған этикетка екеніне әлі мән бермей келе жатырмыз» депсіз. Оқырманға осы пікіріңізді тарқатып айтып беріңізші....**

– Қазір барлық бұйымда заттаңба бар. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болғандықтан, қай елде шықса да, бүкіл өнімнің заттаңбасы бес тілде жазылады. Заттаңбаны оқымайтын адам жоқ, оны жалғыз Қазақстанда емес, Ресейдегі, Армениядағы, Беларусьтағы, Қырғызстандағы қазақша білетін тұтынушының бәрі оқиды. Егер ол қазақша сауатсыз жазылса не істейміз? Біздің бір босатып алған саламыз осы. Кейде түсініксіз заттаңба кездеседі, жұрт соны ұға алмай, амалсыз орысшасын оқуға көшеді. Осыны болдырмау үшін заттаңбаға қатты зер салуымыз һәм зерделеп отыруымыз керек. Мұндай сыртқа шығатын сөзіміздің дұрыс жұпталуы үшін заңтаңбаның қазақша аудармасын тіл саясаты саласындағы уәкілетті органның сараптамасынан өткізу қажет.

Кезінде баспасөзде де айттық, сатып алушылар көп тұтынатын «Молочная девочка» деген торт бар. Осы торттың қазақша заттаңбасында «Сүтті қыз» деп жазылыпты. Астананың, Алматының, Шымкенттің және басқа қалалардың дүкенінде тап солай жазулы тұр. Бұл анайылыққа не айтуға болады? Мұны Терминком «Аппақ қыз торты» деп 2023 жылы бекіткен екен. Бірақ оны қарап жатқан кім бар? Бұл терминнің қоғам игілігіне жарамай жатуы болмаса керек, керісінше көземелдеп отыратын бір буынның жетпей жатқаны шығар деп ойлаймыз.

**– Журналистер, әріптес аға-әпкелеріміз де сөзжасамға көп-көрім араласып жүр. Мұның соңы «Аққу, шортан һәм шаян» мысалына ұқсап кетпей ме?**

– Бұл – біздің түрлендіріп айтқан түріміз. Шынында да, орыстың А.Реформатский деген ғалымының «кез келген әдебиетші лингвист болуы керек, ал лингвистің әдебиетші болуы міндетті емес» деген сөзі бар. Ресейде өзіміз көрген өмірдің мысалы да осындай. Онда орыс тілінен бөлек тұрған ештеңе жоқ. Бәрі орыс тіліне байланысты. Орыс тілін дамытумен, бейнелеп айтсақ, еңбектеген баладан еңкейген ақсақалға дейін айналысады. Бізде де солай болса екен деген тілектен туған жазба. Журналистердің сөзжасамға араласып жүргенін білеміз, солай болуға тиіс те. Бірақ жаңа сөзжасам бір ортада қалып қоймай, көпшіліктің таразысына тартылуы шарт. Оңтайлы балама табылып жатса, Терминком назарына ұсыну керек. Ондағы мамандар мен сарапшылардың сөздің тегін тексеріп, терминдік қуатын, пайдалану орбитасын анықтап беруге білігі жетеді.

**– Ж.Аймауытұлы «Сөзді пән мамандары, кітап жазушылар шығарсын. Жаңадан сөз қосушылар тапқан сөздерін кітабына айрықша жазып отырсын» деп жазады. Алайда, өз ана тілінде сөйлемейтін маман өз саласының терминін қазақшалай алмайды ғой. Осыны қалай шешімін тапсақ болады?**

– Бұл орайда, жаңадан табылған сөздерді ортаға салып, сыннан өткізіп отыру керек деген сөзді тағы қайталауға тура келеді. Екінші мәселе – қазір бұрынғыдай емес, қазақ тілін меңгерген сала мамандары жеткілікті, салалық терминдер негізінен осындай мамандардың, сарапшылардың кеңінен қатысуымен әзірленеді.

**– Аударма саласына аяқ басқан жас талапкерлерімізге өз кеңесіңізді айта кетсеңіз...**

– Біріншіден, ана тілінің қыры мен сырын жақсы игеруі керек. Екіншіден, қазір орыс тілін құбыжық көретін әдет пайда болған сияқты. Бұл дұрыс емес, аударушы орыс тілін де жетік білуі шарт. Ақпараттың көпшілігі осы тіл арқылы келетінін ұмытпаған жөн. Дұрыс аударылмаған мәтінге тап болғанда, түсіну үшін орыс тіліне жүгініп жататын кез аударушы тәжірибесінде жиі кездеседі. Үшіншіден, қазіргі заманғы аударушы ағылшын тілін жақсы білгені жөн, ағылшын тілінен тікелей қазақшаға аударатын аударушылар тобы қалыптасты. Бұл өте жақсы ілгерілеу. Басқа тілдерден де тікелей аударатын тәржімандардың тегеуірінді толқыны бар. Аударманы кәсіп, мамандық деп қана қабылдамай, шынайы шығармашылық, өскелең өнер тұрғысында дамытқан дұрыс.

Аударушы шығармашылық зертхана мәселесіне қатты мән беру керек. Оның жеке кітапханасында әртүрлі сөздіктер, анықтамалықтар болуы керек. Аударманы мақсат тұтқан адам қазірден осындай нәрселерді жинақтай беруі керек. Оның өз аударма кітапханасы болғаны жөн. Мысалы, біздің жеке кітапханамызда осы мақсатқа орай жинақталған қазақ тілінің әдеби, түсіндірме, синоним, этимологиялық, фразеологиялық, энциклопедиялық, терминдер, емле сөздіктерімен қатар, біраз салалық сөздік, орысша–қазақша (қырғыз, татар, ноғай, саха тілдеріндегі) аударма сөздік бар. Болашақ аударушылардың сөздіктерді мұқият зерделеуіне, сөзге сергек болуына тілектеспін.

**– Әңгімеңізге көп рахмет!**

**Дастан ҚАСТАЙ.**





# 90 ЖЫЛДЫҢ ІЗІМЕН

## Қуыршақ театры мерейлі маусымын қорытындылады

***Қуыршақ театры – ұлттың рухани тамырынан нәр алып, ұрпақ санасына ізгілік пен адамгершілік құндылықтарды сіңіретін ерекше өнер кеңістігі. Ол – баланың алғашқы мәдени мектебі, алғашқы эстетикалық әсері, алғашқы көркемдік танымы қалыптасатын орта. Қуыршақ өнері тек ойын-сауық құралы емес, ұлттық болмысты сақтап, рухани сабақтастықты қамтамасыз ететін маңызды мәдени институт.***

### Мерейтой аясында

Биыл Мемлекеттік академиялық қуыршақ театры үшін тарихи мәні айрықша кезең болды. Шежірелі өнер ордасы өзінің 90-шы маусымын қорытындылап отыр. Мерейтойлық маусым жарқын премьералармен, халықаралық жетістіктермен, маңызды мәдени жобалармен және тарихи шешімдермен ерекшеленді. Мерейтой аясында «Тамыры терең театр: 90 жылдың ізімен» атты тарихи-танымдық, ақпараттық еңбек жарық көрді. Онда театрдың қалыптасу жолы, шығармашылық ізденістері мен жетістіктері қамтылып, ұлттық қуыршақ өнерінің даму тарихы жүйеленді. Сонымен бірге, өнер ордамыздың бай тарихынан сыр шертетін сирек фотосуреттер, сахналық жәдігерлер, архивтік құжаттар мен театр майталмандарының қолтаңбалары жинақталған тұңғыш қуыршақ театры мұражайы ашылды.

Мерейлі маусымның шымылдығы дәстүрлі өнеріміздің жауһары «Ортеке» спектаклінің премьерасымен түрілді. Көрерменнің ерекше ықыласына бөленген бұл спектакль репертуардағы айтулы туындылардың біріне айналды. Сонымен қатар, театр репертуары Бердібек Соқпақбаевтың әйгілі «Менің атым Қожа» туындысы режиссер Еркебұлан Қабдылдың тың сахналық шешімі арқылы жаңа тыныспен толықты. Спектакль жас көрерменді шынайылығымен, юморымен және тәрбиелік мазмұнымен баурап, үлкен қызығушылық тудырды.

Грузиядан арнайы шақырылған режиссер Николоз Савашвилидің авторлығы мен режиссерлігімен «Мен кіммін...» психологиялық драмасы театр репертуарының көркемдік аясын кеңейтті. Адам жанының құпия әлеміне үңілген бұл спектакль көрерменді терең ойға жетелеп, театр мамандары тарапынан жоғары бағаланды.

### Тарихи жетістік пен маңызды оқиғалар

90-шы маусымдағы ең үлкен тарихи жетістіктердің бірі – театрға «Академиялық» мәртебенің берілуі болды. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 2 желтоқсандағы №1032 қаулысына сәйкес Алматы қаласы Мәдениет басқармасына қарасты Мемлекеттік қуыршақ театрына «Академиялық» мәртебе берілді. Бұл – тоқсан жыл бойы театр сахнасында тер төккен бірнеше буын өнер майталмандарының қажырлы еңбегіне берілген әділ баға.

III халықаралық «ALMATY PUPPET FESTIVAL» – маусымның ең маңызды халықаралық мәдени оқиғаларының бірі ретінде есте қалды. Бұл өнер мерекесі Қазақстан, Испания, Италия, Түркия, Ресей, Болгария, Иран, Әзербайжан, Үндістан, Өзбекстан және Қырғызстаннан келген 14 театр ұжымын тоғыстырды. 150-ден астам қуыршақ өнерінің шебері шығармашылық тәжірибе алмасып, мәдени диалогтың жаңа мүмкіндіктерін қалыптастырды.

Театр ұжымы Румынияның Крайова қаласында өткен әлемдік деңгейдегі The International Craiova Shakespeare Festival фестиваліне қатысып, еуропалық көрерменге Уильям Шекспирдің «Ромео мен Джульетта» спектаклін ұсынды. Әлемнің 28 мемлекетінен келген 90 театр ұжымы бас қосқан беделді өнер форумына қатысу – қазақстандық қуыршақ театрының халықаралық деңгейдегі мойындалуының айқын дәлелі.

Жетісу өңірінде өткен IV Халықаралық «BIKEN FEST» театр фестивалінде театрымыздың «Мен кіммін...» спектаклі жоғары бағаға ие болды. TÜRKSOY ұйымдастыратын халықаралық фестивальге арнайы жолдама алуымыз шығармашылық ұжымның әлеуетін айқындады. Ал Қазан қаласында өткен VI Халықаралық «Шомбай-fest – 2026» қуыршақ театрлары фестиваліне еліміздің атынан «Ортеке» спектаклімен қатысып, Гран-при жүлдесіне ие болды. 2013 жылдан бері Татар мемлекеттік академиялық «Экият» қуыршақ театрының ұйымдастыруымен өткізіліп келе жатқан фестивальде Қазақстан, Африка, Серб Республикасы және Ресейдің әртүрлі өңірлерінен сарапталған үздік театр ұжымдары бақ сынады. Грузия астанасы Тбилисиде өткен «1st Georgian Puppet Theatre Showcase» жобасын бірқатар маңызды келіссөздер жүргізуге септігін тигізген іс-шара ретінде атап өткім келеді.

### Мәртебелі марапаттар

Өткен маусым театр жетістіктерінің кәсіби орта тарапынан да жоғары бағаланған кезеңі болды. Қазақстан Театр сыншылары бірлестігінің ұйымдастыруымен өткізілетін «Сыншылар жүлдесі – 2025» мониторингі бойынша «Жыл театр менеджері» номинациясының берілуін жеке жетістік емес, театр ұжымының ортақ еңбегінің нәтижесі деп қабылдаймыз. Сондай-ақ, театрымыз «Бұқаралық ақпарат құралдарымен жұмыс атқарған жыл театры» аталымының жеңімпазы атанды. Бұл қоғаммен тиімді байланыс орнату бағытындағы жүйелі жұмыстың нақты нәтижесі болды.

Таланты мен табандылығын, шығармашылық шеберлігін қуыршақ театры өнерінің дамуына арнаған ұжымымыздың бірқатар қызметкерлері 90 маусымда арнайы марапаттарға ие болды. Қазақстан Театр қайраткерлері одағының «Дара» төсбелгісімен театрымыздың бас әкімшісі Е.Хайрушев, артист Т.Тлеулиева, көрермендермен жұмыс жасау бөлімінің меңгерушісі М.Төле марапатталды. Қазақстан салалық мәдениет, спорт, туризм және ақпарат қызметкерлерінің кәсіптік одағының «Еңбек даңқы» төсбелгісіне бас бухгалтер Б.Жетібаева, дыбыс және радио бөлімінің меңгерушісі А.Қайранбеков, артист А.Нұрәділ, инженер механик Е.Рамазан ие болса, «Кәсіподақ ардагері» төсбелгісі қуыршақ жасау шебері Н.Проскуринге табысталды.

Қазіргі кезең мәдениеттің де цифрлық дәуірге қадам басқанын көрсетіп отыр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жариялаған «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» аясында театрда жаңа ақпараттық әрі технологиялық жобалар жүзеге асырылды. Театр мұражайында заманауи ақпараттық аймақ іске қосылып, келушілер театр тарихы мен жетістіктері туралы жаңа форматта мәлімет алуға мүмкіндік алды. Сонымен қатар, инновациялық робот-қуыршақ жобасының пилоттық нұсқасы әзірленді.

90-шы маусым Мемлекеттік академиялық қуыршақ театрының тарихындағы тағылымы терең, табысы толайым кезең ретінде есте қалары сөзсіз. Академиялық мәртебеге қол жеткізу, халықаралық аренада ел мерейін асыру, ұлттық өнерді жаңаша форматта насихаттау және заманауи технологияларды шығармашылық кеңістікке енгізу – осы маусымның басты жетістіктері болды. Бұл жетістіктердің барлығы Алматы қаласы әкімдігі және Мәдениет басқармасының қолдауы сонымен қатар, шығармашылық ұжымның кәсібилігінің және ең бастысы, көрерменнің сенімі мен ықыласының жемісі.

**Алмат АМАНГЕЛДІ,**
**Мемлекеттік академиялық қуыршақ театрының директоры, мәдениет саласының үздігі.**



# «БЕС АСЫЛ» ҰЛТТЫҚ БАЙҚАУЫ

## Алматылық команда жеңіске жетті

***Almaty Theatre сахнасында қала әкімдігінің қолдауымен және Халықаралық айтыскерлер, жыршы-термешілер одағының бастамасымен дәстүрлі қазақ өнерін сақтау мен насихаттауға бағытталған «БЕС АСЫЛ» республикалық ұлттық өнер байқауы өтті.***

Байқаудың ашылу рәсімінде Алматы қаласы Мәдениет басқармасының басшысы Данияр Әлиев Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалдының құттықтау хатын оқып, қатысушыларға сәттілік тіледі.

Кештің жүргізушісі әрі жоба авторы – Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Аманжол Әлтай байқаудың тұжырымдамасы мен бағдарламасымен таныстырды.

«БЕС АСЫЛ» жобасының басты ерекшелігі – дәстүрлі қазақ өнерінің бес бағытының бір сахнада тоғысуы. Байқау аясында айтыстың түрлі жанрлары (сүре айтыс, түре айтыс, қайым айтыс, қыз бен жігіт айтысы, сондай-ақ «өтірік өлең» жанрындағы әзіл айтыстары), жыршылық пен термешілік өнері, дәстүрлі әншілік және күйшілік өнер кеңінен насихатталды.

Байқауда Алматы және Астананың командалары өзінің белгілі айтыскерлерін, жыршы-термешілерін, дәстүрлі әншілері мен күйшілерн жарыстырды. Қос команда байқаудың алғашқы кезеңдерінде тең өнер көрсетті. Жыршы-термеші, әнші-күйшілер тең баға алып отырды. Тек сүре айтыс кезінде ғана Алматы командасы алға озды. Қаламыздың айтыскері Қазірет Бердіхан сүре айтыста әріптесін сүріндіріп, өз командасына жеңіс ұпайын алып берді. Байқау қорытындысы бойынша Алматы қаласының командасы жеңімпаз атанып, келесі кезеңге жолдама алды.

Қазылар алқасына Қазақстанның халық жазушысы, Халықаралық айтыскерлер, жыршы-термешілер одағының төрағасы Жүрсін Ерман жетекшілік етті.

«БЕС АСЫЛ» республикалық ұлттық өнер байқауы – ғасырлар қойнауынан жеткен қазақ халқының баға жетпес мәдени мұрасын жаңғыртуға, мәңгілік рухани құндылықтарды дәріптеуге және ұлттық өнердің одан әрі дамуына серпін беруге бағытталған маңызды мәдени жоба.

**Әзірлеген**
**Гүлжанат СЕМБАЕВА.**

# МӘДЕНИЕТ ПЕН САУДА АПТАЛЫҒЫ

***Қазақстан мен Корея арасындағы мәдени және сауда байланыстарын нығайтуға бағытталған Korea–Kazakhstan Culture and Trade Week апталығы басталды. Бағдарлама аясында концерттер, көрме, түрлі интерактивті шаралар, ұлттық тағамдардың дәмін тату, сондай-ақ K-Pop биінен чемпионат ұйымдастырылады.***





Мәдени апталық Республика сарайында «Ариран: өткеннің жаңғырығы, болашақтың үні» атты ауқымды концертпен басталды. Республикалық мемлекеттік академиялық корей музыкалық комедия театры дайындаған ерекше жоба Қазақстан Тәуелсіздігінің 35 жылдығына арналды. Құрметті қонақтар қатарында Қазақстандағы Корея Республикасының жаңадан тағайындалған Төтенше және Өкілетті Елшісі Чжон Ки Хон мен Алматы қаласы әкімінің орынбасары Олжас Смағұлов болды.

– Баршаңызды осы айтулы фестивальде көргеніме қуаныштымын. Бұл – Қазақстан мен Корея халықтарының достығы мен өзара ынтымақтастығын дәріптейтін маңызды мереке. Фестивальдің тарихы мен мәдениеті терең, әрі еліміздің ірі экономикалық орталықтарының бірі саналатын Алматыда өтуінің де өзіндік мәні бар, – деді елші. Өз кезегінде Олжас Смағұлов екі ел арасындағы қарым-қатынас бүгінде көптеген бағыт бойынша қарқынды дамып келе жатқанын атап өтті.

– Мәдениет, сауда және кәсіпкерлік салаларындағы ынтымақтастықтың әлеуеті зор. Бұл байланыстардың нығаюына Қазақстандағы корей диаспорасы да үлкен үлес қосып келеді, – деді әкім орынбасары.

Концерт көрермендерді театрландырылған ерекше қойылыммен тәнті етті. Сахнада корей мифологиясындағы төрт кейіпкер дәстүрлі корей өнерінің пайда болуы мен даму тарихын баяндайды. Қойылымның шарықтау шегінде олар қазақтың қамқоршы тәңірі Ұмай анамен қауышып, Қазақстан жерінің кеңпейілдігі мен жылуын бейнелейтін символдық көрініс ұсынылды.

Сондай-ақ, сахнада Асанәлі Әшімов атындағы театрдың әртістері, Mezzo тобы және өзге де өнерпаздар өнер көрсетті. Сондай-ақ, Оңтүстік Кореядан арнайы келген әртістер де концерттің көркін қыздырды.

– Театрымыздың репертуары барынша мазмұнды әрі жан-жақты болуы үшін түрлі халықтардың драматургиясы мен режиссерлік туындыларын сахналауға ерекше мән береміз, – деді Республикалық мемлекеттік академиялық корей музыкалық комедия театрының директоры Наталья Ли.

Жақында театр ұжымы Қазақстан қалаларына гастрольдік сапармен шығып, кейін Оңтүстік Кореяда өнер көрсетпек. Ал тамыз айының соңы мен қыркүйектің басында жаңа маусымның алғашқы премьерасы – Қазақстандағы корей диаспорасының тарихына, қазақ халқының кеңпейілдігі мен қонақжайлығына арналған «Естелік» спектаклін көрермен назарына ұсынбақ.

**Дастан ҚАСТАЙ.**
*Сурет: Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.*

# «ОПЕРА ТҮНІ»

## ерекше көңіл күй сыйлады

***Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театры 92-театр маусымының жабылуы қарсаңында қала тұрғындары мен қонақтарына тұңғыш рет «Опера түні» атты ерекше екі күндік жоба ұсынды. Театр тарихи қалыптасқан формат шеңберінен шығып, көрермендерге бірегей жоба тарту етті.***

Ашық аспан астындағы ауқымды Open Air концерті Алматыны дамытудың жаңа тұжырымдамасын айқын көрсетті. Бұған дейін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Turkistan» газетіне берген сұхбатында Алматының Нью-Йорк, Мәскеу және Париж секілді тәулік бойы қарқынмен өмір сүретін, тұрғындар мен туристерге 24/7 режимінде қызмет көрсететін мегаполиске айналуы қажет екенін атап өткен болатын. «Операдағы түн» сол бастаманың жарқын көрінісіне айналды. Өнерге бөленген түнгі қала классикалық мұраның мәңгілік құндылықтары төңірегінде мыңдаған адамды біріктірді.

Ашық аспан астындағы концертке 5 мыңнан астам көрермен жиналды. Ұлы өнердің құдіретін сезінуге келген жұрт қаланың ең шалғай аудандарынан да арнайы ағылды. Көрермендер назарына Карл Орфтың монументалды «О, Фортуна» туындысы мен Чайковскийдің «Пиковая дама» операсындағы драмалық арияларадан бастап, Россинидің Фигаро каватинасы мен Масканьидің «Сельская честь» операсындағы застольная әніне дейінгі бай репертуар ұсынылды. Бағдарламада ұлттық өнеріміздің маржандарына – «Біржан мен Сара» операсындағы айтыс сахнасы мен Абайдың жүрекжарды «Айттым сәлем, Қаламқас» әні орындалды. Кештің түйіні ретінде «Гүл Алматым» әні шырқалды. Ауқымды жобаны жүзеге асыруға 200-ден астам өнерпаз қатысты. Олардың қатарында театрдың танымал опера шеберлері де, жас дарындар да бар.

– Бұл – Алматы қаласының мәдени өміріндегі ерекше кеш. Ашық аспан астындағы концерт – көрерменді операға жақындастырып, классикалық әуендерді сезінуге мүмкіндік береді. Жалпы, театрымыздың 92-маусымы ауқымды өтті. Қазір опера мен балеттерге билет табылмай қалып жатады. Гастрольдік сапарлар да көп болды, әсіресе, «Хан Сұлтан» ерекше ықыласқа ие болды, – деді Абай атындағы ҚазҰОБТ солисі Тахауи Рахметов.

«Опера түні» жобасының екінші күні театрдың ARTE галереясында музыкалық кеш ұйымдастырылды. Бұл кеште әртістер бай вокалдық бағдарлама ұсынады. Түнгі театрдың камерлік әрі эксклюзивті атмосферасында әлемдік және ұлттық классиканың жауһарлары мүлдем жаңаша үнмен қалықтап, әрбір тыңдарман үшін ұмытылмас әсер сыйлайды.

– «Опера түні» – бұл театрдың эстетикасын ерекше түнгі форматта сезінудің, опера труппасының жоғары шеберлігінен ләззат алудың және тарихи оқиғаның бір бөлшегіне айналудың бірегей мүмкіндігі, – деді Абай атындағы ҚазҰОБТ стажер-солисі Азиза Әбдірайым.

**Досбол АТАЖАН.**
*Сурет: Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.*





## ШЕШІМ

*Алматы қаласы мәслихатының
2026 жылғы 10 маусымдағы
№314 шешімі*

### Алматы қаласының жаңадан құрылған сайлау учаскелерінің учаскелік сайлау комиссияларының құрамын сайлау және өкілеттік мерзімінің қалған кезеңіне шығып қалған мүшелердің орнына аумақтық, округтік және учаскелік сайлау комиссияларының мүшелерін сайлау туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының 10-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 7-1) тармақшасына сәйкес Алматы қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Алматы қаласының жаңадан құрылған сайлау учаскелерінің учаскелік сайлау комиссияларының құрамын сайлау және өкілеттік мерзімінің қалған кезеңіне шығып қалған мүшелердің орнына аумақтық, округтік және учаскелік сайлау комиссияларының мүшелері сайлансын.
2. Осы шешім қабылданған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Алматы қаласы
мәслихатының төрағасы М.ОТЫНШИЕВ**

*Алматы қаласы мәслихатының
2026 жылғы 10 маусымдағы
№314 шешіміне қосымша*

| Р/с № | Ауданның, қаланың атауы | Комиссия түрі (аумақтық, округтік, учаскелік) | Округ, учаске нөмірі | Тегі, аты, әкесінің аты |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1. | Алматы қаласы Алмалы ауданының аумақтық сайлау комиссиясы | аумақтық | | Буитов Айдар Булатович |
| 2. | Алматы қаласы Алмалы ауданының аумақтық сайлау комиссиясы | аумақтық | | Калжанов Бакытбек Бостандыкович |
| 3. | Алматы қаласы Жетісу ауданының аумақтық сайлау комиссиясы | аумақтық | | Бахторазова Гулмира Темирбаевна |
| 4. | Алматы қаласы | Алматы қаласы мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі №1 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша аудандық сайлау комиссиясы | №1 | Джангурбаева Индира Нарбайкызы |
| 5. | Алматы қаласы | Алматы қаласы мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі №1 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша аудандық сайлау комиссиясы | №1 | Даулетқан Айдана Сейітқызы |
| 6. | Алматы қаласы | Алматы қаласы мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі №2 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша аудандық сайлау комиссиясы | №2 | Туймекулов Канат Абдикаримович |
| 7. | Алматы қаласы | Алматы қаласы мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі №4 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша аудандық сайлау комиссиясы | №4 | Ботбаев Мағжан Дәулетжанұлы |
| 8. | Алматы қаласы | Алматы қаласы мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі №5 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша аудандық сайлау комиссиясы | №5 | Мухамеджанов Дарын Орумбаевич |
| 9. | Алматы қаласы | Алматы қаласы мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі №6 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша аудандық сайлау комиссиясы | №6 | Жангушикова Шарбану Байдильдаевна |
| 10. | Алматы қаласы | Алматы қаласы мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі №7 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша аудандық сайлау комиссиясы | №7 | Дадашова Гулнара Фахриддиновна |
| 11. | Алматы қаласы | Алматы қаласы мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі №8 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша аудандық сайлау комиссиясы | №8 | Усеинова Джанна Бакытбековна |
| 12. | Алматы қаласы | Алматы қаласы мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі №9 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша аудандық сайлау комиссиясы | №9 | Безроднова Алла Александровна |
| 13. | Алматы қаласы | Алматы қаласы мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі №10 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша аудандық сайлау комиссиясы | №10 | Мухаева Жаухар Шопановна |
| 14. | Алматы қаласы | Алматы қаласы мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі №10 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша аудандық сайлау комиссиясы | №10 | Мәуленов Қыдырәлі Ағзамұлы |
| 15. | Алматы қаласы | Алматы қаласы мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі №10 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша аудандық сайлау комиссиясы | №10 | Актайлакова Айнур Куандыковна |
| 16. | Алматы қаласы | Алматы қаласы мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі №10 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша аудандық сайлау комиссиясы | №10 | Абикеева Динара Солтанбековна |
| 17. | Алматы қаласы | Алматы қаласы мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі №10 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша аудандық сайлау комиссиясы | №10 | Байдан Әлия |
| 18. | Алматы қаласы | Алматы қаласы мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі №11 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша аудандық сайлау комиссиясы | №11 | Махантаев Мурат Тилесович |
| 19. | Алматы қаласы | Алматы қаласы мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі №11 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша аудандық сайлау комиссиясы | №11 | Бияхметова Гулнара Кукентаевна |
| 20. | Алматы қаласы | Алматы қаласы мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі №12 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша аудандық сайлау комиссиясы | №12 | Нургожаев Бирлик Иразалиевич |
| 21. | Алматы қаласы | Алматы қаласы мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі №12 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша аудандық сайлау комиссиясы | №12 | Жакупова Шынар Мәуленқызы |
| 22. | Алматы қаласы | Алматы қаласы мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі №13 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша аудандық сайлау комиссиясы | №13 | Ермаганбетова Гулжайна Балгазиевна |
| 23. | Алматы қаласы | Алматы қаласы мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі №15 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша аудандық сайлау комиссиясы | №15 | Аширбекова Манат Сагинбековна |
| 24. | Алматы қаласы | Алматы қаласы мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі №15 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша аудандық сайлау комиссиясы | №15 | Макешева Еркежан Оралгазиновна |
| 25. | Алматы қаласы | Алматы қаласы мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі №15 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша аудандық сайлау комиссиясы | №15 | Серікбай Ұлмира |
| 26. | Алматы қаласы | Алматы қаласы мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі №15 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша аудандық сайлау комиссиясы | №15 | Рақымберді Нұрлан Еділұлы |
| 27. | Алматы қаласы | Алматы қаласы мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі №15 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша аудандық сайлау комиссиясы | №15 | Утекаева Гульмира Жаксылыковна |
| 28. | Алматы қаласы | Алматы қаласы мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі №16 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша аудандық сайлау комиссиясы | №16 | Калдыбаева Кумысжан Абдлдиновна |
| 29. | Алматы қаласы | Алматы қаласы мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі №16 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша аудандық сайлау комиссиясы | №16 | Джексенбинова Алия туякбаевна |
| 30. | Алматы қаласы | Алматы қаласы мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі №16 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша аудандық сайлау комиссиясы | №16 | Косиева Жаркынай Темирбековна |
| 31. | Алматы қаласы | Алматы қаласы мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі №16 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша аудандық сайлау комиссиясы | №16 | Әбділда Камшат Қосылжанқызы |
| 32. | Алматы қаласы | Алматы қаласы мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі №16 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша аудандық сайлау комиссиясы | №16 | Тасыбекова Мөлдір Қанатқызы |
| 33. | Алматы қаласы | Алматы қаласы мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі №20 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша аудандық сайлау комиссиясы | №20 | Асанова Лаура Қуанышқызы |
| 34. | Алматы қаласы | Алматы қаласы мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі №20 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша аудандық сайлау комиссиясы | №20 | Ахметова Алия Маратовна |
| 35. | Алматы қаласы | Алматы қаласы мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі №21 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша аудандық сайлау комиссиясы | №21 | Макулбекова Айнур Курбановна |
| 36. | Алматы қаласы | Алматы қаласы мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі №21 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша аудандық сайлау комиссиясы | №21 | Кочеткова Надежда Владимировна |
| 37. | Алматы қаласы | Алматы қаласы мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі №21 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша аудандық сайлау комиссиясы | №21 | Кенжебаева Айгерим Сериковна |
| 38. | Алатау ауданы | учаскелік | 1 | Дауталиева Элвира Толеуовна |
| 39. | Алатау ауданы | учаскелік | 2 | Косымова Калдыгуль Кулмахановна |
| 40. | Алатау ауданы | учаскелік | 2 | Аубакирова Мадина Амантаевна |
| 41. | Алатау ауданы | учаскелік | 4 | Тайшабарова Шолпан Жолдасбайкызы |
| 42. | Алатау ауданы | учаскелік | 5 | Альби Ахерке |
| 43. | Алатау ауданы | учаскелік | 6 | Дюсекова Маржан Жумахановна |
| 44. | Алатау ауданы | учаскелік | 7 | Базарбаева Гулнар Алиевна |
| 45. | Алатау ауданы | учаскелік | 8 | Бегарысова Айман Мукаметжановна |
| 46. | Алатау ауданы | учаскелік | 9 | Мухаметкалиева Талшин Хасеновна |
| 47. | Алатау ауданы | учаскелік | 10 | Козыбеков Нурсултан Орынбекович |
| 48. | Алатау ауданы | учаскелік | 13 | Умурзакова Гаухар Турганбековна |
| 49. | Алатау ауданы | учаскелік | 13 | Сабырбекова Дамира Болатхановна |
| 50. | Алатау ауданы | учаскелік | 17 | Шубекова Гулнур Аскаровна |
| 51. | Алатау ауданы | учаскелік | 17 | Телагисова Сандугаш Едилбаевна |
| 52. | Алатау ауданы | учаскелік | 17 | Әлібекова Назерке Асхатқызы |
| 53. | Алатау ауданы | учаскелік | 18 | Розибакиева Шадиям Шарипкизы |
| 54. | Алатау ауданы | учаскелік | 19 | Манапова Кенжекүл |
| 55. | Алатау ауданы | учаскелік | 19 | Әділбек Әділет Тілеубекұлы |
| 56. | Алатау ауданы | учаскелік | 20 | Белденбаева Меруерт Токтакыновна |
| 57. | Алатау ауданы | учаскелік | 20 | Сылдырбаева Аида Жумановна |
| 58. | Алатау ауданы | учаскелік | 24 | Тоқтар Индира Тоқтарқызы |
| 59. | Алатау ауданы | учаскелік | 26 | Абдулла Айдана Қалдыбайқызы |
| 60. | Алатау ауданы | учаскелік | 26 | Тенгизбаева Бакыткул Турарқызы |
| 61. | Алатау ауданы | учаскелік | 26 | Нурбеков Нуралы Ерболулы |
| 62. | Алатау ауданы | учаскелік | 31 | Арынова Назерке Амангелдіқызы |
| 63. | Алатау ауданы | учаскелік | 33 | Жиенбаева Әлия Нәсілжанқызы |
| 64. | Алатау ауданы | учаскелік | 35 | Өтебек Асылзат Өнербекқызы |
| 65. | Алатау ауданы | учаскелік | 35 | Саду Ақмарал Ерғанатқызы |
| 66. | Алатау ауданы | учаскелік | 35 | Орынбетова Карлыгаш Жалгауовна |
| 67. | Алатау ауданы | учаскелік | 485 | Смагулова Перизат Серикказиновна |
| 68. | Алатау ауданы | учаскелік | 486 | Мырзахметова Айгерим Ержановна |
| 69. | Алатау ауданы | учаскелік | 486 | Каналбек Ұлдана Қайратбекқызы |
| 70. | Алатау ауданы | учаскелік | 486 | Әшірбек Мәдина Кәдіржанқызы |
| 71. | Алатау ауданы | учаскелік | 487 | Кенжеалиқызы Раушан |
| 72. | Алатау ауданы | учаскелік | 487 | Әкімғали Еңлік Даулетқызы |
| 73. | Алатау ауданы | учаскелік | 488 | Исламбекова Ақтоты Бекмұратқызы |
| 74. | Алатау ауданы | учаскелік | 488 | Көшкінбаев Нұрдаулет Қайратұлы |
| 75. | Алатау ауданы | учаскелік | 524 | Каракулов Асылбек Мухтарович |
| 76. | Алатау ауданы | учаскелік | 525 | Оразбекова Лазат Нургалиевна |
| 77. | Алатау ауданы | учаскелік | 526 | Кадыркулова Аитгул Малуматовна |
| 78. | Алатау ауданы | учаскелік | 526 | Касымова Айнур Шаймардановна |
| 79. | Алатау ауданы | учаскелік | 527 | Найманбай Арайлым Ғалымқызы |
| 80. | Алатау ауданы | учаскелік | 527 | Ускенбаева Ботакоз Уалихановна |
| 81. | Алатау ауданы | учаскелік | 528 | Изтлеуова Аида Барлыбайқызы |
| 82. | Алатау ауданы | учаскелік | 530 | Аманкелді Нурасыл Қанатұлы |
| 83. | Алатау ауданы | учаскелік | 531 | Қырықбай Сәния Манарбекқызы |
| 84. | Алатау ауданы | учаскелік | 533 | Едильбаева Жадыра Оралбаевна |
| 85. | Алатау ауданы | учаскелік | 535 | Розахун Ахчихан Розахуновна |
| 86. | Алатау ауданы | учаскелік | 547 | Нурсали Айдана Бағдатқызы |
| 87. | Алатау ауданы | учаскелік | 547 | Чебекова Назерке Мамбетахыновна |
| 88. | Алатау ауданы | учаскелік | 548 | Айдарбекова Жанар Шалкаровна |
| 89. | Алатау ауданы | учаскелік | 548 | Аяш Айдана Бақытжанқызы |
| 90. | Алатау ауданы | учаскелік | 549 | Ахатаева Айгерим Торебековна |
| 91. | Алатау ауданы | учаскелік | 550 | Нұрланқызы Камила |
| 92. | Алатау ауданы | учаскелік | 569 | Тулеубаев Аскар Саятханович |
| 93. | Алатау ауданы | учаскелік | 569 | Ұзақова Алуа Нұрлыбекқызы |
| 94. | Алатау ауданы | учаскелік | 571 | Кенембай Мадьяр Нұрланұлы |
| 95. | Алатау ауданы | учаскелік | 572 | Әділбеков Ермұрат Нұрғанымұлы |
| 96. | Алатау ауданы | учаскелік | 572 | Әбдіғаппар Айдана Елтайқызы |
| 97. | Алатау ауданы | учаскелік | 573 | Исабек Сандуғаш Доғдырбекқызы |
| 98. | Алатау ауданы | учаскелік | 587 | Камалбекова Ақмарал Талғатқызы |
| 99. | Алатау ауданы | учаскелік | 588 | Нургали Майнур Аксубаевна |
| 100. | Алатау ауданы | учаскелік | 589 | Юсупова Шолпан Байтерековна |
| 101. | Алатау ауданы | учаскелік | 589 | Елеусизова Сымбат Несипбаевна |
| 102. | Алатау ауданы | учаскелік | 590 | Айтақын Бекзат Ермекұлы |
| 103. | Алатау ауданы | учаскелік | 590 | Әубәкір Сезім Нусіпқалиқызы |
| 104. | Алатау ауданы | учаскелік | 590 | Хожабаева Макпал Турмаханбетовна |
| 105. | Алатау ауданы | учаскелік | 611 | Жүнісбекова Нурайлым Досмаханбетқызы |
| 106. | Алатау ауданы | учаскелік | 613 | Нурабаева Айнұр Кенесқызы |
| 107. | Алатау ауданы | учаскелік | 614 | Абдрахманова Айжан Отаргазиновна |
| 108. | Алатау ауданы | учаскелік | 614 | Ашимбаева Молдир Беркимбаевна |
| 109. | Алатау ауданы | учаскелік | 614 | Туратауова Индира Абдимуслимовна |
| 110. | Алатау ауданы | учаскелік | 615 | Серік Фарида Нұрлыбекқызы |
| 111. | Алатау ауданы | учаскелік | 616 | Саяхат Бахытгул |
| 112. | Алатау ауданы | учаскелік | 617 | Оразбаева Динара Оразбайкызы |
| 113. | Алатау ауданы | учаскелік | 618 | Болтенова Фариза Қамбарбекқызы |
| 114. | Алатау ауданы | учаскелік | 619 | Габдоллина Гулмира Бакытбековна |
| 115. | Алатау ауданы | учаскелік | 619 | Косбатырова Науат Бериковна |
| 116. | Алатау ауданы | учаскелік | 619 | Балдашов Айдос Қанатұлы |
| 117. | Алатау ауданы | учаскелік | 620 | Ибадуллаева Мадина Порманкуловна |
| 118. | Алатау ауданы | учаскелік | 621 | Кожамкулова Айжан Жанболатовна |
| 119. | Алатау ауданы | учаскелік | 634 | Қызырхан Еңлік Айдосқызы |
| 120. | Алатау ауданы | учаскелік | 636 | Нышанова Баян Жұмағұлқызы |
| 121. | Алатау ауданы | учаскелік | 636 | Тыныштықова Құралай Садуахасқызы |
| 122. | Алатау ауданы | учаскелік | 638 | Сабитова Ботагоз Саматовна |
| 123. | Алатау ауданы | учаскелік | 658 | Егемова Галия Байшыгаровна |
| 124. | Алатау ауданы | учаскелік | 661 | Агажанова Жанна Алтынбековна |
| 125. | Алатау ауданы | учаскелік | 663 | Джумагулов Бауржан Ергалиевич |
| 126. | Алатау ауданы | учаскелік | 669 | Исабаева Лаура Сейтказыевна |
| 127. | Алатау ауданы | учаскелік | 695 | Бектасов Сагит |
| 128. | Алатау ауданы | учаскелік | 695 | Бектурсинов Бакытжан Умиргалиевич |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 129. | Алатау ауданы | учаскелік | 695 | Саидова Асем Саидовна |
| 130. | Алатау ауданы | учаскелік | 695 | Ибраева Айгул Касымбековна |
| 131. | Алатау ауданы | учаскелік | 695 | Мырзабаева Жанар Дуйсенкалиевна |
| 132. | Алатау ауданы | учаскелік | 696 | Зейнуллаева Шырынкул |
| 133. | Алатау ауданы | учаскелік | 696 | Егемова Кыздыкой Байшыгаровна |
| 134. | Алатау ауданы | учаскелік | 696 | Абубакирова Жайна Силыкбековна |
| 135. | Алатау ауданы | учаскелік | 696 | Нұрлұбек Нұрбол Таңжарқұлы |
| 136. | Алатау ауданы | учаскелік | 696 | Қобылашов Нағашыбай Нұралыұлы |
| 137. | Алатау ауданы | учаскелік | 696 | Жаппарханова Жұлдыз Налиханқызы |
| 138. | Алатау ауданы | учаскелік | 696 | Жанбаева Улбосын Абдуллаевна |
| 139. | Алатау ауданы | учаскелік | 697 | Тлеуберди Акмарал |
| 140. | Алатау ауданы | учаскелік | 697 | Бекешов Досым Оралханович |
| 141. | Алатау ауданы | учаскелік | 697 | Далабай Райхан Ерсұлтанқызы |
| 142. | Алатау ауданы | учаскелік | 697 | Қайыңбай Асыл Қасенғалиқызы |
| 143. | Алатау ауданы | учаскелік | 697 | Касайнова Алтын Сериковна |
| 144. | Алатау ауданы | учаскелік | 697 | Акбошанова Айдана Тлекқызы |
| 145. | Алатау ауданы | учаскелік | 697 | Әшім Сандуғаш Ардаққызы |
| 146. | Алатау ауданы | учаскелік | 698 | Ганиева Жанат Танбаевна |
| 147. | Алатау ауданы | учаскелік | 698 | Касенова Назым Назарбековна |
| 148. | Алатау ауданы | учаскелік | 698 | Сулейменова Жазира Бауржановна |
| 149. | Алатау ауданы | учаскелік | 698 | Бастаубаева Жазира Сериковна |
| 150. | Алатау ауданы | учаскелік | 698 | Дошаева Бейбіткүл Берекеқызы |
| 151. | Алатау ауданы | учаскелік | 698 | Төрегелдиева Әсел Мәліккызы |
| 152. | Алатау ауданы | учаскелік | 698 | Біргебаев Санжар Жандосұлы |
| 153. | Алатау ауданы | учаскелік | 699 | Әбілда Сәуле Махамбетқызы |
| 154. | Алатау ауданы | учаскелік | 699 | Нурадинова Гульдана Мухитовна |
| 155. | Алатау ауданы | учаскелік | 699 | Тұрсынбаева Талжібек Өміржанқызы |
| 156. | Алатау ауданы | учаскелік | 699 | Телағысова Гүлайна Серікқызы |
| 157. | Алатау ауданы | учаскелік | 699 | Касымова Эльба Казакбаевна |
